



БҮГІНГІ САНДА



POLITSIIA QYZMETI:
PÄRMENDILIK
ARTA BERMEK

2»




ÓMIRZAQTYŇ
ÓZGESHE
KÄSIBI

4»



QAIRAN SOL,
«SYR SULYY»
QAIDASYN?

6»



BES JYLDYQ
BELES

8»

ОҚУ ОРНЫН ДАМУ ТУЖЫРЫМЫМЕН БӨЛІСТІ



Мемлекет басшысы «КИМЭП университеті» акционерлік қоғамының президенті Чан Йан Бэнгті қабылдады.

Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаевқа КИМЭП университетінің қазіргі жұмысы және осы оқу орнын дамыту жоспарының іске асырылуы жөнінде мәлімет берілді.

Қазақстан Президенті қазіргі заман экономикасының талаптарына сай білікті мамандар дайындау ісіндегі университет жұмысының тиімділігін атап өтті.

— Университет 1992 жылы

құрылған. Осы жылдар ішінде 12 мыңға жуық студент оқуын бітіріп шықты. Бүгінде мұнда әлемнің әртүрлі елдерінен келген оқытушы-профессорлар құрамы еңбек етеді. 29 білім бағдарламасы бойынша 2109 студент ақылы негізде оқып жатыр, — деді Елбасы.

Ч.Бэнг университет түлектерінің 93 пайызы оқу бітірген соң 6 айдың

ішінде жұмысқа орналасатынын айтты.

Сонымен қатар, «КИМЭП университеті» акционерлік қоғамының президенті биыл оқу орны Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің тұжырымы бойынша ғылым және білім саласын дамыту ісінде үздік деп танылғанын атап өтті.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы қазіргі кезде жалпыұлттық бағдарламаға айналды. Бүгінде аталған бағдарлама аясында ұлт руханиятын жаңғыртудың бірегей моделі жасалды. Араға уақыт салып, 2018 жылғы 21 қарашада Елбасымыз өзінің тарихи сананы жаңғыртуға қатысты өзекті ойларын «Ұлы Даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласында жария етті. Екі бөлімнен тұратын мақаланың бірінші «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» атты бөлімінде Елбасы тарихымызды зерделеудің жаңа ғылыми тұжырымдамасын айқындап берді.

Кез келген халықтың жүріп өткен жолы, сол жолда қалыптастырған мәдени мұралары мен рухани құндылықтары, ой-санасы мен дүниетанымы сол халықтың әлемдік өркениеттегі

алар орнын анықтайтыны — ғылымда дәлелденген ақиқат. Елбасымыз мыңдаған жылдық төл тарихы бар халықтарды мысалға келтіре отырып, біздің түп тамырымыздың да ежелгі дәуірлерден бастау

алатындығына бірнеше жаңа ғылыми дәйектер келтірді. Қазақ жерінде құрылып, өмір сүрген протомемлекеттік бірлестіктердің, бүгінде әлем халықтарының қадесіне жарап отырған көптеген

мәдени жетістіктер мен ең үздік технологиялардың жасаушысы, әрі мұрагері ретінде Ұлы Дала өркениетінің әлемдік мәдениеттің дамуына қосқан үлесін айқындаудың өзектілігіне тоқталып өтті. Соның бірі ретінде атқа міну мәдениеті мен жылқыны қолда үйретуді осыдан мыңдаған жылдар бұрын біздің бабаларымыздың жасағандығын айта келе, оның ғасырлар бойы дүниежүзі халқына қызмет етіп келе жатқандығына тоқталды.

3-бет

«ОТАНДЫҚ ӨНІМ»

«KÁÝSAR» КЕЙДЕННЕН ШЫҒАДЫ

Жүгері дақыл — қазаққа таңсық емес, ертеден-ақ оның ас-ауқат ретінде кеңінен пайдаланылып келе жатқандығы белгілі. Ғалымдардың бұл дақылды планетамыздың ең ежелгі нан өсімдігі деген пайымдаулары да бекер болмаса керек. Мына нарық заманында жүгерінің жас собығын пісіріп, кепкен дәнін қуырып саудалап жүргендер де кезігеді. Несі бар, еңбек еткен адамға несібе нәпақа. Ал жүгерінің құнарлы мал азығы екенін екінің бірі біледі.

Кешегі кеңестік кезде жүгері көптеген шаруашылықтарда молынан егіліп, пайдаланылып жүрді. Дәнін — мал жеміне, балауса құрағын силос, сенаж тәсілімен жыл бойы әжетке жаратты. Ал қазіргі жағдайда, егу мен күтіп-баптауының агротехнологиясы күрделілеу, көптеген арнаулы техникаларды қажет ететіндігінен болар, жүгері жарықтығыңызды егушілер қатары сирексігендей көріне-тін. Алайда, мына бір жаңалықты естіп, кәдімгідей елең-десіп қалдық. Жанакорған ауданы, Кейден ауылының әкімі Бақтияр Тоқтыбаев: «Ауылымызда жүгеріден су-сын шығаратын зауыт ашылады», деді бірде. Оның да сәті келіп, бардық, көрдік. Аудан әкімі Ғалым Әміреєв кәсіпкерлікті өрістегуде тың жаңалыққа жоғары баға берді.

«KÁÝSAR» жүгері өңдеу және сусын өндіру кәсіпорыны ағайынды Қасым мен Сейтмұқанның бірлескен жобасы екен. Бұл өзі кенеттен ойға келе салған кәсіп емес, кешегі тоқырау жылдарынан бері бастау алған шаруа секілді. Осы отбасы 1997 жылдан бастап ауыл маңындағы алқапқа ақ жүгері егеді. Шамамен 10-15 гектар. Гектарынан 30 центнерден өнім алғанның өзінде 30-40 тонна дән жиналып қалады. Осыны ағайынды дикандар қыс бойы сақтап, көктемде базарға шығарады. Не үшін дейсіз ғой, наурыз көже бар емес пе, міне, осы ұлттық тағамның басты шикізаты ақ жүгері. Біртіндеп дәнді түйіп сатса, тіпті өтімдірек боларын білген ағайындар арнайы туюо станогын алып, оны да іске қосады.

— 1000 келі дәннен 700



келі таза өнім алып жүрдік. Кейіннен сапалылығын арттырып, 550-ге дейін жеткіздік. Алайда, бергінде шекара ашылды да, нарықтық бәсекеде өзбекстандық әріптестерімізге есе жібере бастағанымызды аңғардық. Осының салдарынан шығарған өніміміз арзан-

дап, өзіндік құнынан артылмай қалды. Жаңаша ізденіске тағы тәуекел жасадық, — дейді Сейтмұқан Әбжаппаров.

Осыдан бастап, өнімді шикілей емес, дайын өнім күйінде нарыққа шығару жобасы іздестіріледі. Нәтижесінде Ресейден 1 станок, Қы-

тайдан екінші станокты сатып әкелуге тура келді. Бұл жерде өз қаржыларына қоса кәсіпкерлікті қолдау палатасы арқылы 3 млн теңге грант жеңіп алса, өңірлік «Даму» мекемесі арқылы 3 млн теңге қаржыға қол жеткізді. Ал цехтың негізін қалайтын құрылымдардың жалпы құны аз емес, оған қоса қазандықтың өзі 8 млн теңгені құрады. Осылайша ауылдан жүгері дәнін өңдеу мен сусын шығару цехы іске қосылды. Онда әзірге 5 адам жұмыспен қамтылып отыр.

— Өзімізден бөлек, ауылдастарымыз жалпы көлемі 100 гектардан астам ақ жүгері дақылын егеді. Олардың да өнімдерін біз сатып алып, өңдеу жұмыстарына пайдаланамыз. Дәннің сығылған суына түрлі қоспалар қосылады. Мұны біреулер бұрынғы қалыппен «ашытпа» деп те жатыр. Қазақ тамақ өнеркәсібі академиясына тексертіп, рұқсат алдық. Сонан соң саудаға шығару үшін облыстық стандарттау, сертификаттау мекемесіне де тіркелдік, — дейді кәсіп иесі. Жүгерінің құрамында А, В,

С, Е дәрумендері, фолацин, ниацин, тиамин, калий, магний, крахмал, протеин, кант, түрлі пайдалы майлар, аскорбин қышқылы және минералды тұздар жеткілікті болатын көрінеді.

«Жүгеріні жиі пайдаланатын болсаңыз, холестерин деңгейін, асқазан жолдары қызметін реттейді. Оған қоса, жүрек-қан тамырлары жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне септігін тигізіп, теріге, шаштың өсуіне оң әсер етіп, қартаюдан сақтайды. Құрамындағы В дәрумені ұйқысыздық, мазасыздықпен күрессе, С дәрумені имунитеттің көтерілуіне, Д дәрумені тіске, сүйектің қатаюына көмектеседі. Ал бекіңізге жүгері маскасын жасар болсаңыз, ажарыңызды келтіріп, теріңізді ағартады», деп сайрап тұр анықтамалық. Сондай-ақ, бауыр ауырса, піскен жүгері шашағын немесе талшығын пайдалану керек. Ол аптеканың дәрісінен әлдеқайда пайдалы деп кеңес береді мамандар.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жанакорған ауданы,
Кейден ауылы.



Ержан ҚОЖАСОВ

Келген қонақтар алдымен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолы бойында орналасқан «Қызылорда» кешенінде болды. Нысанда қонақ үй, мейрамхана, көлік жөндеу орталығынан бөлек, монша, дүкен, шаштараз сияқты қызмет көрсету орындары қарастырылған. 400 миллионнан аса қаржыға салынған үлкен кешен өткен жылы пайдалануға берілді.

Бұдан бөлек, келушілер «Жан Арай» ЖШС-да болып, өндірістің жұмыс барысымен танысты. Сыр күрішінен түрлі өнім шығаратын кәсіпорын мал азығы мен құс етін дайындаумен де айналысады. Сонымен қатар өңірге келген қонақтар «Арай» демалыс орны мен қаладағы көрікті жерлерді тамашалады.

Кәсіпкерлер үйінде қорытындыланған конкурстың «Бөлшек сауда саласындағы үздік кәсіпорын», «Көтерме сауда бойынша үздік кәсіпорын», «Үздік сауда үйі», «Үздік ойын-сауық, сауда-саттық орталығы», «Үздік демалыс орны» және тағы басқа номинациялар бойынша өтті. Басты мақсат — кәсіпкер жұмысының жоғары бағалануы, Қазақстан бойынша сауда орындарының жұмыс нәтижесін саралау, сервис пен қызмет көрсету деңгейін көтеру және өзара тәжірибе алмасу отырып, кәсіпкерлік саласына жаңа форматтар енгізу.

Салтанатты шарала облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким ел кәсіпкерлеріне толағай табыс тіледі. Облыс бойынша 26 кәсіпорын ұсыныс берген байқауда жерлестеріміз үздіктер қатарынан көптеп көрінді. Мысалы, «Бөлшек сауда саласындағы үздік кәсіпорын» мен «Кіші форматтағы үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша Жалағаш ауданындағы «Әлихан» мен «Алдияр» кәсіпкерлік нысандары 2-ші орынды иеленді. «Көтерме сауда бойынша үздік кәсіпорын» номинациясында «AB Invest Group» ЖШС және «DALATEX» ЖШС үздік деп танылды. «Үздік ойын-сауық, сауда-саттық орталығы» номинациясының жүлдегерлері қатарында қазалылық «Энергомер» ЖШС да бар. Ал конкурстың бас жүлдесі — Гран прилі Павлодар қаласынан келген «Батыр-Павлодар» ЖШС жеңіп алды.

Шара барысында өзара ынтымақтастық



ESEPTI KEZDESÝ

Биыл құқық қорғау органдары қызметін жетілдіруге бағытталған заң қабылданды. Соған сәйкес еліміздегі барлық “Ішкі істер департаменті” “Полиция департаменті” болып, ал қалалық ішкі істер басқармасы және барлық аудандық ішкі істер бөлімі сәйкесінше полиция басқармасы мен полиция бөлімдері болып өзгертілді. Сондай-ақ, өз кезегінде полиция департаментінің басшысы әкім мен халық алдында жылына кем дегенде бір рет есеп беруге міндеттелді. Осы орайда облыстық полиция департаментінің бастығы Қайрат Мұқитов тұрғындарға есеп берді. Шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, мекеме басшылары, мәслихат депутаттары, ҰЕҰ мүшелері мен өңір тұрғындары қатысты.

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ: ПӘРМЕНДІЛІК АРТА БЕРМЕК



Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Департамент басшысы осы жылдың он айында атқарылған жұмыстарды саралады. Айтуынша, 10 айда облыс көлемінде 5968 қылмыс тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 14 процентке төмендеген. Бүгінгі күні полиция қызметін бағалаудың бір критерийі ретінде 10 мың халыққа шаққандағы қылмыстылық деңгейі өңірде 91 қылмысты құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша республика көлемінде криминогендік ахуал тұрақты, әрі Маңғыстау, Жамбыл облысынан кейінгі қауіпсіз үш облыстың қатарында тұр. Сондай-ақ, қоғамдық орындарда, көшелерде, мас күйінде және қаруымен жасалған қылмыстар деңгейі де азайып отыр. Ал, есірткінің заңсыз айналымымен күрес бағытында республика көлемінде «Көкнәр-2018» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілген. Шара аясында департаментте «Дельта-Сырдария» есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлінісі құрылып, жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше жедел-іздігестіру топтары жасақталған. Нәтижесінде есепті мерзімде 319 есірткі қылмысы тіркеліп, заңсыз айналымнан жалпы 132 кг есірткі заты тәркіленген. Оның ішінде, есірткі өсірудің 73 дерегі анықталып, жалпы салмағы 10 тоннадан астам болатын 74 мың түп сора өсімдігі жойылған.

Есірткіге қанша тосқауыл қойылғанмен, қылмыскерлер оны егудің басқа тәсілдеріне көшеді. Мәселен, үй ауласында, саяжайларда есірткі егу деректері анықталып, оған қарсы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Жалпы алдын алу, есірткіге қарсы күрес шараларының нәтижесінде наркодиспансерде есепте тұрғандар саны 5 процентке азайды, – деді Қ.Мұқитов.

Жиын барысында патрульдік полиция қызметі мен жол қозғалысын бақылау бойынша атқарылған жұмыстар да айтылды. Сондай-ақ, облыс орталығында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында орнатылған 272 бейнебақылау камераларының көмегімен 15 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 60-тан аса қылмыс ашылғандығы сөз болды. Осы ретте аймақта «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы негізінде қосымша 1400 дана бейнебақылау камераларын орнату үшін әдрестік бағдарлама бекітілген көрінеді. Ал, сандық технологияларды дамыту аясында полиция қызметіне «Электрондық қылмыстық іс жүйесі» жобасы енгізіліп, қазіргі уақытта қылмыстық істер электрондық форматта тергелуде. Бұл жүйе тергеу жұмыстарының жыл-

дамдығын арттырып, қадағалау органдарымен қылмыстық істердің тергеу барысын электронды түрде бақылап отыру мүмкіндігін туғызды. Сонымен қатар, іс-құжаттардың бұрмалануына жол бермеу, қылмыстық істерді тергеу барысында сыбайлас жемқорлық көріністерін жоюға өз ықпалын тигізбек. Қазіргі таңда, электронды форматта 315 қылмыстық іс тергеліп, оның 182-сі сотқа жолданған.

Бізге өткен жылдың қазан айынан бастап «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» (ЕРАП) жобасы да іске қосылып, жергілікті полиция қызметіне 29 дана планшет берілсе, осы жылы қосымша 117 электронды планшеттер алынып, қолданысқа енгізілді. Оның көмегімен бүгінгі күні 9 мыңнан астам әкімшілік хаттамалар толтырылды. Сондай-ақ, құқық бұзушылық жасалған орында әкімшілік хаттамалар электронды түрде рәсімделіп, сол мезетте Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөнінде басқармаға тіркелуде. Биылғы жылы жүзеге асқан ауқымды жұмыстардың бірі облыстық бюджет есебінен Жалағаш аудандық полиция бөлімі және Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі полиция бөлімшесінің жана ғимараттары бой көтеріп, қолданысқа берілсе, департаменттің жеке құрамының әскери жауынгерлік дайындығын үнемі жетілдіру мақсатында Белкөл кентінің маңында заманауи оқу-жаттығу полигоны құрылысының жүргізіліп жатқандығын айта кеткен жөн, – деді Қайрат Болатулы.

Департамент басшысының және атап өткеніндей, барлық полиция қызметкерін қайтадан аттестаттаудан өткізу, тұрғындармен жұмыс жасаудың жаңа форматын енгізу, ол үшін барлық полиция бөлінісінде азаматтарды қабылдайтын арнайы фронт-офис ашу міндеті тұр. Бұл офис ЦОН үлгісінде халыққа қызмет көрсететін болады.

Жиын барысында қалалық полиция басқармасының бастығы Дәулет Бөккімбаев та облыс орталығында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді. Шара соңында тұрғындар тарапынан сұрақтар қойылып ұсыныстар айтылды. Оның ішінде мал ұрлығы, Сабазақ саяжайына жазғы мезгілде тәртіпті күшейту мақсатында учаскелік полиция қызметкерлерін бөлу мен бақылау пунктін салу, бейнебақылау орнату мәселесі қозғалды. Департамент басшысы барлық сұраққа нақты жауап беріп, маңызды мәселелердің алдағы уақытта өз шешімін табатындығын жеткізді.

KONFERENTSHIA

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ – ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КЕПІЛІ

Осы тақырыпта Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми кітапханада республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Онда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов бүгінгі таңда жалпы қоғамға тән өзекті мәселенің бірі болып отырған діни қарым-қатынасты тұрақтандыру мен зайырлылық сипатындағы өзара келісімді сақтау бағытындағы мемлекеттік саясаттың маңызын атап өтті.

Ғазиза ӘБДУЛЛА.

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының бірінші наиб муфтиі Наурызбай қажы Тағанұлы «Діни тағаттылықты дәріптеудегі дәстүрлі діnniң рөлi» тақырыбында баяндама жасады. Онда Ислам діnniң ұстанымы – адам баласын тек жақсылыққа баулып, имандылықтың ізгi амалдарын насихаттауға, бейбiтшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге негiз болып отырғанын айтып, осы мазмұндағы тұжырымды ойын дәйектi мысалдармен жеткізді.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және «Шым-



кент епархиясы Қызылорда қаласы Қазан Құдай Ана Иконасы храмының приходы» православие шіркеуінің настоятелі Б.В.Ивашиннің де пікірлерін білдірді.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры, исламтану ғылымы бойынша PhD докторы Қ.Құрманбаев «Жастарға діни білім берудегі отандық оқу

орындарының әлеуеті мен маңызы» тақырыбын тереңірек талдап, бүгінде дін саласының мамандарын даярлау мәселесі ерекше жауапкершілікті талап ететінін атап өтті. Бұл орайда еліміздегі қайсыбір діни бағыт болмасын, жалпы адамдар арасындағы әділетті қарым-қатынастың орнығуына, конфессияаралық келісімнің қалыптасуына жұмыс жасауы тиіс.

МЕМЛЕКЕТ МҮЛКІ ТИІМДІ БАСҚАРЫЛАДЫ

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет мүлкін жекешелендіру үрдісі бірнеше кезеңнен өтті. Қазір ол өзінің ең шешуші кезеңіне қадам басты. Сонымен мемлекет мүлкін бақылаудың, оны тиімді пайдаланудың бүгінгі жай-күйі қалай? Газет тілшісінің сауалдарына Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы Серікжан Қалиев жауап береді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің бұйрықтарымен бекітілген іс-шаралар Жоспарына сәйкес департаментке Қаржы министрлігі бөлімшелерінің теңгеріміндегі ғимараттар мен жайларды жер учаскелерімен бірге алыс-берісті жүзеге асыру тапсырылған болатын, – деп біздің сауалымызға орай Серікжан Ыдырысулы. – Бұл жұмыстар Қызылорда департаментімен толықтай аяқталды. Жалпы сомасы шамамен 500,0 млн теңге болатын 19 әкімшілік ғимарат және 15 көмекші нысан қабылданды.

Сонымен қатар Қаржы министрлігі бөлімшелерінің теңгеріміндегі жалпы сомасы шамамен 45,0 млн болатын 18 автокөлік құрал-жабдықтарының алыс-берісті жүзеге асырылды. Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің теңгеріміне қабылданған барлық жылжымайтын мүліктер мен автокөлік құрал-жабдықтары сәйкесінше тіркеу органдарына тіркелді.

Ғимараттар мен автокөлік құрал-жабдықтарын ұстап тұруға және қызмет көрсету үшін департамент 108 штаттан тыс жұмыскерді қабылдады.

Сонымен бірге, «Бірыңғай теңгерім

ұстаушы» жобасын жүзеге асыру шеңберінде Қазынашылық және мемлекеттік кіріс департаменттерінің аумақтық бөлімшелерін оңтайлы орналастыру қарастырылды. Қазынашылық және мемлекеттік кіріс департаменттерімен бірігіп департамент басшыларымен қол қойылған қазынашылық және мемлекеттік кіріс департаменттерінің аудандық бөлімшелерінің қызметкерлерін кезең-кезеңімен жана орындарға орналастыру бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Қазіргі уақытта Қызылорда облысында қазынашылық және мемлекеттік кіріс департаменттерінің аумақтық бөлімшелерін оңтайлы орналастыру жұмыстары аяқталды.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында департамент Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің әкімшілік ғимаратының келбетіне 986,0 мың теңгенің ағымдағы жөндеу жұмыстарын және 1779,0 мың теңгеге түнгі жарықтандыруды монтаждау жұмыстарын жүргізді.

Әкімшілік ғимараттарда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қолайлы жағдай жасау және келергісіз жүріп тұру үшін облыс орталығында және аудандарда пандустар мен тактильді плиталар орнату бойынша жұмыстар жүргізілді. Аталған жұмыстарға 2 409,0 мың теңге жұмсалды.

«Бірыңғай теңгерім ұстаушы» жобасын жүзеге асыру шеңбері кезінде Қазынашылық департаментінің аумақтық бөлімшелерінің және Жалағаш аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының 6 автокөлік құрал-жабдықтарына ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Жылу маусымында мемлекеттік кірістер және қазынашылық департаменттерінің аумақтық бөлімшелерін дизельді отынмен уақытлы қамтамасыз ету үшін жекелеген негіздер бойынша (конфискат) республикалық меншік құрамына берілген 5 410,2 мың теңге болатын 49693 литр дизельді

отын департамент теңгеріміне алынды. Сонымен бірге, департамент мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру жөніндегі жұмыстарды да атқарды.

Департамент республикалық мемлекеттік ұйымдардың активтерін теңгерімінен теңгерімге беруді жүзеге асырды. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірігіп, мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің алып отырған алаңдарына түгендеу жұмыстары жүргізілді.

Облыс бойынша барлығы 99 аумақтық бөлімшелерге түгендеу жұмыстарын жүргізу жатқызылған болатын. Жоспарлаған мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің барлығына түгендеу жұмыстары жүргізілді.

Түгендеу жұмыстары барысында 2,0 мың шаршы метр артық немесе пайдаланылмай тұрған алаңдар Арал, Сырдария, Жалағаш аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармаларында, Қызылорда облысы әділет департаментінде, Қармақшы аудандық әділет басқармасында, Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаментінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаментінде анықталды.

Қазіргі уақытта департамент анықталған артық алаңдарға басқа мемлекеттік заңды тұлғаларды орналастыру және мемлекеттік мүлікті мүлдікті жалдауға беру немесе коммуналдық меншікке беру бойынша жұмыстар жүргізуде.

Департаментте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің республикалық бөлімшесі бойынша «Мүлікті жалға беру келісімшарттарының Тізілімін» қамтамасыз

– Өздеріңіз білесіздер, әлемде дін саласында экстремистік бағытты оқытып жатқан бірде-бір оқу орны жоқ. Сонда да көптеген адамдардың осы жолда аласып жатқанына куә болып жүрміз. Яғни, бұл жердегі мәселе – діни оқу орындарының санын көбейту емес, есесіне қазіргі жұмыс жасап тұрған білім ошақтарының ғылыми әлеуеті мен сапасын көтеру болып отыр, – дейді ғалым. Сондай-ақ, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті С.Оразбайдың баяндамасында «Мемлекеттік-конфессияаралық қатынастар: отандық тәжірибе» тақырыбына талдау жасалды. Жиын барысында қатысушылар тарапынан қойылған сауалдар мен ұсыныс-пікірлерге де кезек берілді.

Айта кетейік, конференцияға дейін «Деструктивті діни ағымдардың алдын алуға мемлекеттік органдардың ролі» тақырыбында секциялық отырыс болып, онда «Исламдағы толеранттылықтың ролі мен маңызы», «Деструктивті діни ағым мүшелерінің психологиялық бейнесі мен оналту әдістері», «Зайырлылық және қоғам» тақырыптары бойынша мамандардың баяндамалары талқыланған еді. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов конференция қорытындысында осы салада белсенділік танытып жүрген бірқатар қызметкерлерге марапаттаулар табыстады.

ету бағдарламасы белсенді жұмыс атқаруда. Бұл код сәйкестігі бойынша аймағы мен ұйымның атауын анықтай отырып теңгерім ұстаушыны іздеуге, оның ұйымдастыру-құқықтық формасын және статусын белгілеуге, сонымен қатар республикалық меншіктің мүліктерді жалға беруден бюджетке түсетін түсімдер туралы ақпараттар алуға мүмкіндік береді.Бұл бағдарлама жалға алушыларды бюджетке аудару үшін қажетті төлемдер туралы ақпараттар алуды автоматты түрде хабарлар етіп отыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге, мемлекеттік меншікті сауда-саттыққа шығару жүйесі автоматтандырылды. Қазіргі уақытта департамент тек электрондық сауданы жүзеге асырды. Комиссияның шешімі негізінде сатуды объектінің сату туралы «электрондық аукцион» сату мерзімін, сату объектісінің атауын көрсете отырып ақпарат береді. «Электронды мәліметте» сату объектісінің фотосуреттері мен құқықтық құжаттарының электрондық (сканерленген) көшірмелері, бағалау туралы есебімен қоса объектінің нақты бағасы туралы ақпараттарды қамтиды. Әрі қарайғы жұмыстар барлығы компьютермен орындалады. Бұл веб-портал арқылы аукционға қатысу қағаз түріндегі құжаттарды куәландырудан құтылуды қамтамасыз ету үшін қажет. Сол үшін мемлекеттік тізілім веб-порталы көптеген мемлекеттік ақпараттық деректер базасымен біріктірілген.

Бізге Қызылорда облысы бойынша кәсіпкерлер палатасы, «АЕО» АҚ қызметкерлерінің қатысуымен, сонымен қатар БАҚ өкілдерін тартумен семинар-кеңестер өткізіп, мемлекеттік мүлікті тиімді пайдаланудың жай-жапсары әрдайым түсіндіріліп отырылады.

Дайындаған
Ж.ӘЛМАХАН.

OQYS OQIGÁ

ӨРТТІҢ ШЫҒУ СЕБЕБІ АНЫҚТАЛУДА

Сейсенбі күні Шиелі ауданындағы құрылысы жүріп жатқан тампонажды цемент зауытының ауласында орналасқан уақытша жатақхана өртке оранды. Тілісіз жау бір адамның өмірін жалмаған. Бұдан өзге зардап шеккендер жоқ. Оқыс оқиға туралы жауапты сала мамандары өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

Мәдiр ҚАЛЫМБЕТ.

Сағат 12:13 шамасында Шиелі ауданындағы №9 өрт сөндіру бөлім бекетіне жанадан салынып жатқан цемент зауытының өртеніп жатқаны туралы ақпарат келіп түсті. Оқиға орнына өрт сөндіру



қызметкерлері барғанда 10х20 шаршы метрді құрайтын нысан толығымен жанып кеткен. Сағат 13:00-де өрт толықтай сөндіріліп, оқшаулау барысында жатақхана ішінен 1976 жылы туған Қытай Халық Республикасы азаматының мәйіті табылды. Қаза болған азамат – «Чайна Триумф Интернэшнл Инжиниринг» ЖШС филиалының қызметкері. Сонымен қатар марқұмның Қытай Республикасы, Жансу елді мекенінің тұрғыны Жоу Бейдің мәйіті екені анықталды, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызмет басқармасының бастығы Руслан Қайрақбаев.

Жиын барысында облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жанабаев қазіргі таңда өрттің шығу себебі анықталып, тексеру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын өткеннен өнеге алып, тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған терең толғам деп бағалауымыз керек. Мұнда Елбасы «Әлемнің жеті кереметі» іспетті Ұлы дала елі мен Ұлы даланы ұран еткен ұрпақтарын мақтаныш ете алатын жеті ерекше қырын қамтып отыр. Мұны жеті бөлікте қарастыруының өзі де жеті атадан бастау алатын қазақ халқының этноеркешеліктерін көрсетсе керек.

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ӨЗЕГІ

Жасыратыны жоқ, қазақтың дархан даласын ежелден мекендеген бабаларымыз дүние-жүзінің материалдық һәм рухани мұрасына өшпес іздер қалдырды. Оның негізі тұпқазығы көшпелі өркениет пен отыршылық мәдениеттің тоғысында жасалды. Көшпелілер империясының әлем картасына елеулі өзгерістер енгізгені, материалдық мәдениет пен рухани мұралардың бай қазынасын қалдырғаны тарих беттерінде сайрап жатыр. Мемлекет басшысы өз мақаласында осы тарихымызға терең ой салып, тұп тамырымызды халқымыздың рухани игілігіне айналдыру үшін және мұны өзге мемлекеттерге таныстыру үшін бүгінгі өркениет жағдайында баршаға түсінікті әрі олардың сұранысына не болуын қамтамасыз ету жолында жаңғыртуға қатысты маңызды жобаларды қолға алу қажеттігін айтып отыр.

Ол жобалар мақалада «Архив – 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» деп аталады.

Мақалада «Ұлы даланың жеті қыры: атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, аң стилі, «Алтын адам», түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны» деп нақтылап көрсетілуінде де үлкен мән бар. Мәселен, жылқы ұстау мен оны адам игілігіне пайдалану мәдениеті шеңберіндегі технологиялық жетістіктерді адамзат қоғамы сан-мыңдаған жылдар бойы қолданып келді, оны әртүрлі мазмұнда байыта білді. Ал түркілердің, соның ішінде қазақ халқында фольклорлық мұралардың, сонымен қатар музыкалық өнердің мол қазынасы сақталып бүгінгі заманға жетті. Ұлы Жібек жолын, бүгінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізі жалғап отыр.

Ендігі жерде Ұлы даланың көңгасырлық



рухани һәм материалдық мұраларын заманауи технологиялар мен жаңа қалыптасып жатқан цифрлық өркениеттің сұранымына сай қайта жаңғырту бүгінгі ұрпақтың алдындағы міндет. Сондықтан Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын өзінің идеологиялық жұмысының платформасы етіп қабылдаған «нұротандықтар» бұл бағыттағы жұмыстарда өзінің белсенділігін көрсететін болады.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

РУХАНИ ҚАЖЕТТІЛІК БАРЛЫҒЫНАН ЖОҒАРЫ

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бүгінгі уақыт тынысымен алғанда философиялық ой-толғамдармен сабақтасып жатқанын атап өткім келеді. Себебі Президенттің өзі айтқандай, шын мәнінде уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан жерде ұлт тарихы басталады.

Иә, тәуелсіздік жылдары елімізде көп жұмыс атқарылды. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарды табысты деуге болады. Алайда, Президенттің атап өткеніндей, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажай өркениеті жөнінде көптеген деректер әлі ғылыми айналымға түскен жоқ. Бұл, әлбетте, ғалымдарды жаңа ізденістерге итермелейді.

Шындағында, әлемнің әр түрлі тараптан тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарих үдерістеріне елеулі үлес қосты. Осыған байланысты Президент «Түркі өркениеттері: тұп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажеттігін айтады. Осы жоба аясында 2019 жылы Астанада түркологтардың дүниежүзілік конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозицияларына ежелгі түркі жәдігерлері қойылатын түркі халықтарының мәдени күндерін ұйымдастыру керектігін атап көрсетеді.

Қазақстан бүгінде күрделі әлемнің қиын соқпақтарымен жүріп келеді. Біраз сыннан мүдірмей өттік. Бұған уақыт төреші. Әлемдік көптеген сынақтар алдағы уақытта да алдымыздан шығатынына күмән келтіруге болмайды. Бірақ барлық елдер мен халық қандай қиын кезең болмасын өзінің рухани қажеттілігін екініші қатарға ысырып тастамаған. Бұған тарих дәлел бола алады. Осы тұрғыдан келгенде Елбасының мақаласы Қазақстанның жаңа даму кезеңінде біздің барлығымызға жаңа міндеттер жүктейді.

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, МКДШПҚК кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы дала өркениетінің өр рухын қайта тірілткендей әсер қалдырды. Президент мақаласы тарихымыздағы елеулі оқиғалар мен кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлердің өз заманындағы өз еңбек, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысын айғақтайтынын айтып өткен.

ТАРИХТЫ ТІРІЛТУГЕ АРНАЛҒАН

«Ұлы даланың жеті қыры: атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, аң стилі, «Алтын адам», түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны» деп нақтылап көрсетуінде мән бар. Мәселен, Алтай қазақтарының және Буразияның басқа да халықтарының тарихында алар орны ерекше екеніне тоқталды. «Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналады. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болды, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды», – дейді Елбасы аталған мақаласында.

Елбасының айтуынша, орасан зор кеңістікті иегере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашқан. Ұлттық рухты оятып, еліміздің жарқын болашағына деген сенімді нығайта түсетін мақаланы көпшілік жылы қабылдауда.

Уәлихан ИБРАЕВ,
облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» МҚМ директоры.

ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты рухани танымдық мақаласы халқымыздың түп тарихындағы ұлттық ұстанымдар мен өзгеше өмір сүру дағдысын терең түсінуге бағытталған. Мемлекет басшысы кеңістік пен уақыт өлшеміне сай тарихи сананы жаңғырту мақсатында бірқатар байыпты бастамаларды алға тартты. Оның ішінде «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы» әлемдік деңгейдегі ұлт тарихының ұлағатты мұралары. Бүгінгі ұрпақ осынау тағылымды тарихымыздан ғибрат алуы тиіс.

Айталық, осыған дейін елімізде іске асырылған «Мәдени мұра» кешенді бағдарламасы аясында көне дәуірден бүгінге жеткен тарихи-мәдени ескерткіштер мен киелі жерлердің тарихын танып-білуге, сондай-ақ, олар-



ды мемлекет қарауына алуға көптеген жұмыстар атқарылды. Ал одан беріде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ұлттық бірегейліктің үлгісін қалыптастырып, туған жердің тылсым шежіресі мен тарихи тұлғаларын тереңнен тануға негізделді.

Мемлекет басшысы «Ұлы даланың

ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Осы уақытқа дейін көшпелі мәдениеттің өкілі ретінде бағаланып келген халқымыздың рухани мұрасы ретінде тек бай дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз туралы ғана сөз болып, ғылым көкжиегінен алар орнымыз айқындала қоймағаны белгілі. «Ұлы даладағы ежелгі металлургия» деп атаған ой өзегі арқылы Елбасы қазақ ғылымының тарихтың терең тамырынан бастау алатындығын дәлелдеп отыр. Металл өңдеу технологиясын ежелгі дәуірлерде-ақ игерген халық даналығы металлургия ғылымының негізін қалаушылардың қатарында екендігін көрсетеді.

Түркі дүниесінің атажұрты саналатын қазақ жерінде әлемдік ой-санаға ықпал еткен ұлы ойшылдар, Ұлы даланы көзінің қарашығындай қорғаған батырлар, елдің ауызбірлігі мен түсіністігінің ұйытқысы болған би-шешендер ғұмыр кешті. Олардың ұлт тарихындағы өнегелі өмірі, тағылымды тағдыры – бүгінгі ұрпақ үшін ұлтжандылықтың, елжандылықтың символы. Шапқан аттың тұяғы тозатын, ұшқан құстың қанаты талатын сайын дала төсінде қала мәдениетінің негізін қалаған да біздің халқымыз болатын. Елбасымыз өз мақаласында тарихты жаңа көзқараспен зерделеу үшін осылардың барлығын ғылыми дерек ретінде ұсынып отыр.

Жастар – мемлекетіміздің болашағы, ел ертені. Өз ұлты мен еліне деген сүйспеншіліктің бастау бұлағы – ұлттық тарих пен мәдениет. Тарих тағылымындағы өз халқының орнын білу арқылы жастардың бойында ұлтжандылық, елжандылық қасиеттері



қалыптасады. Осы тұрғыдан қарағанда Елбасы мақаласының жас ұрпаққа берер тағылымдық, танымдық мәні зор. Ұлттық тарихымыздың терең бастауларын білген әр ұрпақтың бойында «Мен Ұлы Дала өкілімін», «Тарихы терең, рухани байлығы мол ұлттың ұл-қыздарымыз, менің ата-бабаларым әлемдік өркениеттің өркендеуіне шексіз үлес қосқан» деген мақтаныш сезімі, өз ұлтының мәртебелі тарихынан тағылым алуы олардың өз Отанына деген шексіз ықыласын қалыптастыратыны сөзсіз.

Ғылымның қоғам мен заманның сұранысына жауап беріп отыруы оның міндеті. Бұл тек техника, технология саласына ғана емес, қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласына да қатысты. Осы ретте Елбасымыз осы сала ғалымдарына жаңа, тың міндеттер қойып отыр. Өзі ұсынған тарихты зерделеудің тың тұжырымдамасын жүзеге асырудың жобаларын да айқындап берді. Сонымен бірге бұл осы сала ғалымдарына тың рухани серпіліс беріп, жаңа жауапкершілік жүктеп отыр.

Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның орталығы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары да осы жауапкершілікті сезіне отырып, Елбасы мақаласындағы айқындалған жобаларды жүзеге асыруға жоғары кәсіби шеберлікпен, терең іргелі ғылыми ізденістермен жауап беретін болады.

Университеттің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы кафедралары мен «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы, «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты ғалымдарын тың жобаларды ұсыну және жүзеге асыру міндеттері күтіп тұр. Түркі халықтарына ортақ тұлға – Қорқыт Ата мұралары мен өңіріміздегі көне қалаларды зерттеуде де жаңаша көзқарастардың қажет екендігі белгілі.

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ЖАЗУШЫЛАР ОЙ БӨЛІСТІ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Сыр бойының зиялы қауым өкілдері Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын талқылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті ұйымдастыруымен өткен жиынға жазушылар Бегімбай Ұзақбаев, Сайлаубай Жұбатырұлы, Толыбай Абылаев және балалар ақыны Рахат Наурызбаева қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Сөз басында департамент басшысы Абзал Мұхимов қазір ұлттық болмысымызға қатысты ойландыратын көп мәселе бар екенін жеткізді. Сондықтан Елбасының бұл ой-толғамы ұлттың өзекті тұсын тап басып, елдің алаңдаулы мәселесіне дөп түскенін айтты.

Ал жазушы Бегімбай Ұзақбаев біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтарда қазақ даласындағы мәдениет пен ел басқару ісі өзге халықтарға үлгі болғанын, көшпенді елде дала демократиясы орнағаны туралы сөз қозғады. Жазушының айтуынша, ел тарихын қайта қарап, зерттеп, зерделеу, өскелең ұрпаққа таныстыру кезек күттірмейтін іс.

– Айталық, жазушы, ғалым Мұхтар Мағауиннің XV ғасыр әдебиетін, жырлар мұрасын зерттеуі 1970 жылдары зерттеушілердің, тіпті елге белгілі жазушылардың қарсылығын тудырды. Алайда қазір XV ғасырдан бұрынғы бай мұрамызды зерттеу, сол арқылы тарихты таныту, ұлт рухын көтеру өте маңызды, – деді ол.



Жиында Толыбай Абылаев Арал теңізі орнындағы Кердері кесенесіне, сол маңдағы көне қала орнына зерттеу жұмыстарын жалғастыру керек екенін баса айтты. Жазушы сөзінен жастардың жер астынан табылған алтын теңгелерді саудалап жүргеніне қынжылатынын, көне кітаптарды арнайы зерттеу орындарына тапсыруға құнтылық жетіспейтінін байқалды. Ал Сайлаубай Жұбатыров бүгінде халықтың нығы бүтінделіп, дастарханы толыққанымен, рухани болмысымыздың жұтаң екенін айтты.

– Жеті мың жыл бұрын қазақ жерінде жылқының қолға үйретілгені даусыз шындық. Мұны археолог ғалымдардың зерттеулері дәлелдеп отыр. Сол замандарда арғы бабаларымыздың ер тоқым, үзенгіні ой-

лап табуы, XVIII ғасырда Англияның техникалық прогреске ұмтылуымен парпар дүние. Англия техникасы арқылы басқа елдерден үстем тұрса, Ұлы даланы мекендеген жауынгер халық та кезінде өзге елдерге дес бермеді. Үзенгіге табан тіреген адамның ат үстінде нық отырып садақты да, қылышты да қолдана алатыны белгілі. Тіпті, олардың тұрмыстық заттарды жасап шығаруы, киім кию мәдениеті басқа халықтарға үлгі болғаны туралы нақты деректер бар. Сондықтан, Елбасының бұл мақаласы жаңа зерттеулерге жол ашатынын анық. Біз дамыған 30 елдің қатарына тек экономикалық жетістіктерімізбен емес, рухани мол мұрамызбен қосылуымыз қажет, – деді ол.

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан ұстаздар қауымы үлкен әсер алды. Әсіресе, бүгінгі жас буын – студент-жастар, оқушылар үшін өз елін-жерін тек тарихи оқиғалармен ғана емес, біртұтас ұлт тарихын танып білуі үшін танымдық-тәрбиелік маңызы зор.



Мақаланың әрбір тарауынан халқымыздың ғасырлық өркениетінің, тарихының рухани құндылығы мен даналығы сезіледі. Мақалада атап айтылғандай, тарихи-археологиялық жұмыстар жүргізу және географиялық, әдеби, этнографиялық және басқа салалар бойынша өлкелік туризмді дамыту жұмыстары болашақ жастардың ұлт тарихымен мақтанып, туған жерін түлетуге азаматтық белсенділігін оятатыны сөзсіз.

Олима ӘБДИХАЛЫҚОВА,
«Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы.



ӘЙЕЛДЕР БИЗНЕСІНЕ — 10 МЛН ТЕНҒЕ

Кәсіпкерлік әлеміндегі әйелдер үшін биылғы жылдың ең үлкен жаңалығы осы болды. Мамыр айында өткен іскер әйелдер конгресінде Іскер әйелдер кеңесі «Халық Банкімен» меморандумға қол қойды. Нәтижесінде кәсібін дамытамын деген әйелдерге 10 млн теңгеге дейін несие алуға мүмкіндік бар. Бұл мүмкіндікті сырбойылық кәсіпкер әйелдер қаншалықты пайдалана алды? Қызылорда облысы Кәсіпкерлер палатасы жанындағы іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Жанна Амановамен аз-кем сұхбат осы және салаға қатысты бірқатар сауалдармен өрбіген еді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

— Кәсіпкер әйелдер үшін биылғы жыл жаңалығы 10 млн теңгеге дейін 5 процентпен несие беріле бастағаны. Әрине, бұл бір жылға арналған бағдарлама. Бүгінгі күнге дейін өмірімізде қанша кәсіпкер әйел төмен пайызбен несие алды?

— «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы іскер әйелдер кеңесі мен «Халық Банкі» арасындағы меморандум нәтижесінде кәсіпкер әйелдерге жұмысын дамыту үшін 5 процентпен 10 млн теңгеге дейін несие беру бағдарламасы жүзеге асты. Бұл — кәсіпкер әйелдер үшін үлкен көмек. Сырбойылық кәсіпкер әйелдерден 20 шақты ұсыныс түскенімен, бүгінгі күнге дейін 4-і несие алды.

— **Аз емес пе?**

— Әрине, аз деп ойлаймын. Біздің қызметіміз — кәсіпкер әйелдерден түскен ұсыныс хатты тіркеп, банкке жіберу. Банктің өз талаптары бар. Кәсібі дөңгелеген және кепілге жылжымайтын мүлік қоя алатын болу керек және тағысың-тағы. Бұл жаңалықты естіген көп әйелдер кәсіпті енді бастаймын деп несие сұрап келеді. Бұл кәсіп ашқысы келген әйелдерге арналмаған.

— **10 млн-ды кімдер алды?**

— Кәсіпкер Данила Танкибаева жиһаз өндірісін әрі қарай дамыту үшін 10 млн теңге несие алды. Сауда саласында Маржан Баймаханова 6 млн теңге несие алса, Базаркүл Тименова сәулілік салонын кеңейту үшін және кәсіпкер Айнуір Бермағанбетова жалаушылар тасымалын қамтамасыз ету кәсібін әрі қарай жандандыруға 10 млн теңге несие алды. Айта кетерлігі, несиені банктен қолма-қол алып, емін-еркін жұмсай алмайды, тек мақсатты түрде аударым жасап отырады. Яғни, несие қаржысының қайда жұмсалатыны бақылауда.

— **Ал, кәсіп ашқысы келетін әйелдер үшін қандай жеңілдік бар?**

— Семинар-тренингтер тегін ұйымдастырылуда. Тренингтер барысында тәжірибе алмасу, табысты басқару, жалпы кәсіпкерлік саласының барлық қыр-сыры үйретіледі.

Шындығында көзді жұмып, бірден кәсіп бастаймын деу қате түсінік. Кәсіпке білім, көп ізденіс, тәжірибе керек. Жұмыс барысында көріп жүргеніміздей, өзі білмейтін салада кәсіп ашамын дейтіндер көп және бүгін кәсіп бастап, ертең мол пайдаға кенелгісі келеді. Түсінгенге, кәсіп кеңінде 3-4 жылсыз пайда әкелмейді. Осы уақытта өзі қаржы салып және тер төгіп еңбектену қажет. Бұл шыдамдылықты сынайды. Статистика бойынша бір жыл ішінде жаңадан ашылған кәсіптің 90 проценті жыл аяғына дейін жабылып қалады екен. Сол себепті де кәсіп бастауға үлкен дайындықпен келу керек.

Үйде отырып, кәсіппен айналысқысы келетін қыз-келіншектер үшін «SMM» жобасын ұсындық. Олар үйде отырып-ақ өзінің хоббиін кәсіпке айналдыра алады. Бірі — ісмер, бірі — аспазшы, енді бірі колөнер бұйымдарының шебері. Өзі жасаған бұйымды әлеуметтік желі арқылы сата алады. Бұл жоба бойынша әлеуметтік желімен жұмыс жасауды үйреттік. Жаксы нәтиже бар.

— **Кәсіпкер, бизнес-тренер ретінде кәсіп ашқысы келетіндерге қандай кеңес берер едіңіз...**

— Біріншіден, білім керек. Оқып білмей, кәсіп бастау нәтиже бермейді. Екінші — тәжірибе. Бір сала бойынша кәсіп бастау үшін, ең әуелі сол саланың қазанында қайнау керек. Ішкі жағдайын, қыр-сырын меңгермей жатып, кәсіп ашам деу — үлкен қателік. Үшіншіден, ақыл-кеңес артық етпейді. Тәжірибелі кәсіпкерлердің бұған келу қадамын білу, кәсібін көзбен көру арқылы көп нәрсе үйренуге болады. Ортамен тіл табуыс, мақсатқа жету жолында шыдамдылық та үлкен маңызға ие.

— **Сұхбатыңызға рахмет.**



Бүгінде кәсіп ашамын дегендер үшін елімізде барлық жағдай қарастырылған. Тек оны игеріп әкететін айқын мақсатыңыз бен талабыңыз керек. Аймақта да бұл салада ауқымды жұмыстар жасалуда. Әсіресе, аудандарда ілкімді істер жетерлік. Мәселен, бүгінгі күні Қазалы ауданында кәсіпкерлік субъектілерінің саны 4404 бірлікті құрауда. Оның 681-і осы жылдың 9 айында тіркелген. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік 3722-ге жеткен. «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 60 қатысушы 213,2 млн теңге көлемінде несие алып, кәсібін жандандыруда.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС: БІРҚАТАР АУДАНДА БЕЛСЕНДІЛІК ЖОҒАРЫ

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ

Ал, “Бизнес-Кеңесші” жобасы аясында 186,9 млн теңге болатын 64 жоба қаржыландырылған. Сондай-ақ, стартап жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға жыл соңына дейін 25 қатысушыға 240 мың теңгеден 6 млн теңге көлемінде мемлекеттік грант белгіленіп отыр. Мұнан бөлек, “Бизнестің жол картасы-2020” бағдарламасы негізінде ауданнан құны 130 млн теңгені құрайтын 3 жоба екінші деңгейлі банк арқылы несие алып, “Даму қоры” АҚ арқылы сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігі субсидияланды. Бағдарламаның мемлекеттік гранттық қаржыландыру компоненті аясында құны 15,1 млн теңгенің 19 жобасы мақұлданған. Қазіргі таңда кәсіпкерлер қаражаттарын алып, есептіліктерін тапсыруда.

Сонымен бірге Қазалы ауданында аудан кәсіпкерлері тарапынан өз қаражаттарымен түрлі кәсіпкерлік нысандар салынуда. Атап айтсақ, «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автодәлізінің бойынан «Синойл» жанар-жағармай құю бекеті іске қосылған. Жакын арада “Қазалы керуен” сауда-логистикалық орталығы пайдалануға берілімек. Бұдан бөлек, көкөніс сақтайтын қойма, жылыжай, дәріхана, түрлі сауда орталықтары мен тойхана құрылыстары аяқталып, жыл соңына дейін ел игілігіне берілетін болады.

Өндірісі өрлеп, кәсіпкерлікті нәсіпке айналдырған аудандардың бірі — Шиелі ауданы. Бұл өңірде де алға ілгерілеушілік басым. Кентте бүгінгі күнге дейін шағын және орта бизнес бойынша 3026 субъект тіркелген. Оның ішінде тоғыз айдан бері 346 кәсіпкер, бір шаруа қожалығы бар. “Бизнес-Кеңесші” жобасы негізінде 35 азамат 122,8 млн теңге несие алып, кәсіптерімен айналысуда. “Бизнестің жол картасы-2020” бағдарламасы шеңберінде ауданда жалпы құны 111 млн теңгені құрайтын 4 жоба екінші деңгейлі банктер тарапынан қаржыландырылған. Ал, қайтарымсыз грант есебінен құны

15,3 млн теңгені құрайтын 24 жоба жеңімпаз атанған. Мұнымен қоса, шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында кенттен индустриялық аймаққа 96 гектар жер бөлініп, 6 бизнес жобаға 62 гектар жер телімі табысталып отыр.

Мұндай ауқымды тірлік Сырдария ауданында да жасалуда. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының шағын несиелендіру бағыты бойынша 466,9 млн теңгені құрайтын 163 жоба қаржыландырылған. Бүгінде бизнесті қолдау мен дамытуда «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы ерекше маңызға ие. Аталған бағдарлама шеңберінде биыл барлығы 171,6 млн теңгенің 38 жобасына қолдау көрсетіліп, 41 жұмыс орны ашылған.

Сонымен қатар, «Агробизнес» бағдарламасы арқылы құны 92,5 млн теңге болатын 14 жоба, «Микро-бизнес Қызылорда» бағдарламасы бойынша Өңірлік инвестициялық орталығынан 94,3 млн теңгенің 29 жобасы қаржыландырылды. Жалпы, Сырдария ауданының 2017-2021 жылдарға арналған «Даму» бағдарламасына сәйкес құны 299,5 млн теңгенің 80 жобасы іске қосылған. Бұл жобалар негізінен кәсіпкерлердің өз қаражаттары есебінен жүргізілуде.

Елбасы Н.Назарбаев «Еңбек

етуші халықтың 60 проценті шағын және орта бизнесте жұмыс істеген кезде Қазақстан тұрақтылыққа қол жеткізетін болады» деген болатын. Бұл ретте аймақтағы шағын және орта бизнестің дамуы өз кезегінде үлкен шығуда.



Сыр бойының намысын қорғамақ



«Bussiness Lady Kazakhstan» ЖШС кәсіпкер әйелдер арасында республикалық конкурсы ұйымдастыруда. Конкурстың бірінші кезеңі әр аймақта өтті. Аймақаралық конкурс жеңімпаздары енді Астана төрінде ақтық сында бақ сынамақ.

Айта кетелік, биылғы жылдың маусым айында өткен конкурстың облыстық кезеңінде 9 кәсіпкер әйел арасынан оза шыққан «АВ» кулинарлық студиясының иесі Айгүл Бурамбаева енді республикалық конкурстың финалында Сыр елі намысын қорғайды.

Сырбойылық кәсіпкер нан өнімдерін, түрлі тәттілер пісірумен айналысады. Шағын кулинарлық студиясында онға жуық адамды жұмыспен қамтыған кәсіпкер көпшілікті тәтті өнімдерімен баурап алды.

Қараша айының 30 күні Астанадағы Жастар сарайында өтетін конкурста өз кәсібінің қыр-сырын көрсететін Айгүл Бурамбаеваға сәттілік тілейміз.

«СБ» ақпарат.



ӨМІРЗАҚТЫҢ ӨЗГЕШЕ КӘСІБІ

Мемлекет жастарға үлкен қамқорлық танытуда. Қандай да бір жарқын істі бастасаныз соған даяр тұрған бағдарлама жетерлік. Қолдауға ие болып шыға келесіз. Мысалы, «Zhas Project» жастар корпусын дамыту жобасы. Жоба кәсіп бастаған кез келген жұмыссыз жасқа көмектеседі. Ең бастысы, ізденіс пен іскерлік жетсе болғаны.

Ержан ҚОЖАСОВ

Толығырақ түсінік бере кетсек, 2017 жылы басталған бұл жобаның түпкі мақсаты — осал топтағы жастардың бастамасына қаржылай қолдау көрсету және осы арқылы шағын және орта бизнесті дамыту. Бұған кәсібін ашсам деген 16-29 жас аралығындағы жұмыссыз, мүмкіндігі шектеулі жастар қатыса алады. Жоба жеңімпазына 1 миллион теңгеге дейін қайтарымсыз грант беріледі. Биылғы жылдан бастап бұл жоба біздің аймақта қарқынды дамуда.

Осы айда тілшілік тіршілікпен Сырдария ауданының бірқатар ауылдарын аралаған-быз. Бір байқағанымыз, ел етек-жеңін

әлдеқашан жиған. Түрлі кәсіп, сәнді ғимарат ашып, шаруасын шалқытқан кәсіпкер көбейген. Бұның ішінде белсенді жастар да көп. Білім қуып, ғылымға иек артқандардан бөлек, жаңа жобаларды дүниеге әкеліп, кәсібін дөңгеленткендер жетерлік. Кәсіпкер болуға ұмтылған жастардың бірқатары мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай қолдауларға арқа сүйесе, кейбірі өз қаражаты есебінен кәсіп ашуда. Қызығушылығы мен ынтыасы зор. Сондай жастың бірі — Айдарлы ауылының тұрғыны Өмірзақ Есболатов.

— Ауылдың баласымын. Жоғары білім бар. Бірақ, сол біліммен көбіміз жұмысқа


іліге алмай жатамыз. Биыл маусым айында «Zhas Project» жайлы ақпараттар алып, содан ауылдың жастары Аида Накипова, Ерсултан Әлтаев үшеуіміз ақылдаса отырып «Мүгедектерді оналту» орталығын ашсақ деп ойладық. Мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен айналысып, сауықтыру шараларында белсенді болса деген мақсатымыз болды. Жоба шілде айында ұсынылды. Тамыз айында 3 кезеңнен тұратын іріктеуден өтіп, бастама іске асатын болды. Алдын ала арнайы сабақ, курстар өткізілді. Қыркүйек айында жобаны бастап кеттік, — дейді жас кәсіпкер.

Өмірзақтың айтуынша, «Мүгедектерді оналту» орталығының жалпы сомасы 926 000 теңгені құраған. Өмірзақ бірінші транш бойынша 463 000 теңгені алып, спорттық алаң дайындаған. Пазлы, жаттығу құрылғылары, түрлі басқатырғыштар, тоғызқұмалақ, дойбы, тағы сол сияқты керек дүниелерін түгелдеген. Ауылдың мүмкіндігі шектеулі азаматын қамтыған кәсіпкер жігіт олармен

интеллектуалды және спорттық шараларды жиі ұйымдастыруда.

— Куанарлығы, бағдарлама жұмыссызға үлкен мүмкіндік береді. Жастарға өте тиімді. Әзірге 2 адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Келешекте Айдарлыдан бөлек, Жетікөл, Аманкелді ауылдарын қамтитын, мүгедектерге арналған массаж орталығын ашсам деген жоспарым бар. Көп нәрседен шектеу көріп жүрген осы жандардың денсаулығының жөңделуіне, орнынан тік тұруына көмегім тисе деп армандаймын. Бәрі болмаса да, бірқатар адамға осындай мүмкіндік сыйласақ дейміз, — дейді Айдарлының азаматы.

Сонымен қатар іскер жігіт жақында ғана жас кәсіпкерлер арасында ұйымдастырылған «Байқоңыр-Start up» облыстық бизнес идеялар байқауынан ІІ дәрежелі жүлде — 200 мың теңгенің сертификатын ұтқан болатын. Жас кәсіпкердің келешектегі мақсаты айқын, болашағы нық.



«Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де таныу керек».

Н.Ә.Назарбаев.

ҚИЯДА ТҰРЫП ҚАЛҒАН ҚЫРАН ҮНІ



Қорқыттан Асанқайғыға ауысып, Бұқарға жеткен жыраулыққа Кіші жүздің Кете атанған Байсарысы бұйда тағып, он екінші ұрпағы Жиенбайға жетектенген. Бұған ел аузындағы «Жыраулық Шөмекейге түстеніп, Кетеге қонған» деген сөз бұлтартпас дәлел болады.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Жиенбайдың әкесі Дүзбембет те даусы дүзге, аты алысқа жайылған жырау еді дейді көне жұрт жады. Ал, анасы Сыр сүлейлерінің дүрі Шорақтың Омарының туған апасы болса, он-бойындағы өнер қанынан құйылған Жиенбайдың жыраулығы қандай?! Оған мына бір әңгіме арқылы келейік.

1926 жылы Ақтайлақ деген жерде Кете Шонай деген кісінің асы өтіпті. Осы аста танды таңға ұратын жыраулар сынга түсіпті. Қырық жырау қатысқан жыр бәйгесіне үш жүз жылқы тігіліпті. Бір айтылған жырды не қисса, термені қайтадан қайталамау жыраулық сайыстың басты шарты екен. Мұндай сынга қас жүйрік болмаса, кім шыда-сын. Ақырында бәйге аттары секілді көп бәсекелестің легі сөгініп, үшінші күн дегенде Жиенбай мен Тасберген ғана қалған. Тыңдаушы жұрт екі жыршының біріне қарай ойысқанда Тасберген жолымды бердім деп, орнынан тұрады.

Сөйтіп, Жиенбай жеңіп, үш жүз жылқының жарысынан көбін «төртегілерге», «есіктегілерге» деп таратып береді. Қалғанын «Жиекеннен сыбаға аламыз» деп алдынан шыққан жолшыбай жұртқа үлестіріп, өзінің алдында үш жүзден оншақты ғана жылқы қалған екен.

Жолы дара, қолы жомарт осы Жиенбай жырау 1864 жылы дүниеге келген. Жыраулығымен аты асқақтап жүрген дәуренінде

он төрт жасар Ұлжан сұлуды екінші әйелдікке алып, сол анамыздан 1905 жылы Рүстембек туған. Өзінде бала тұрмаған Бал-шаш бәйбіше Рүстембекті бауырына салып, өміренгенде кеуіп қалған көкірегінен сүт шығытты. Дүние-ай, десейші!

Мейірімге мейімделіп қанып өскен Рүстембек те атақты жырау болған. Оның жыраулығы он екі жасында үш жүздің басын қосқан Шонайдың асында әкесімен бірге жыр айтып танылады. Осы аста бала жыраудың дауысына таңғалған бір дуалы ауыз кісі: «Жиенбай, мына балаңа пейіштің жемісін жегізгенсің бе?» – депті. Мұнан артық баға бола ма?

Рүстембекті жырау ғана емес, әнші-сазгерлік, ақындықты да бойына тоқыған талант еді дейді. Десе дегендей, оның қазақ ішіне тараған «Ақтолғай» әні үлкен сахналардан әлі күнге айтылып жүр.

Рүстембек ер жеткен соң Ақтөбе жағында тұратын Болаш бақсының қызы Әнопиямен бас қосқан.

Ал, Көшеней 1946 жылы өмірге келген. Әкесі Көшенейді қос қолын шапаттап қомданғаннан бастап, алдына алып жырмен әлдилеген.

Көшеней туған мекен сүлей деген даңғайыр атты алысқа таратқан – Ешнияз сал, Балқы базар, Кете Жүсіп, Қарасақал Ерімбет, Шаннамалы Тұрмағанбет секілді сүйріктер мен жүйріктер түлеген жыр жеруіығы еді. Ата-

сы жасында қайтыс болып, жыр үйренер шағында әкесі дауыстан қалса да Көшеней баба діліндегі ұлы өнерді бойына дарыта білген. Бала күнінде әкесінің мақамын ыңылдап отырып құлағына сіңірген анасы Әнопия болса, бері келе осы топырақтан шыққан көкірегі алтын сандық азамат Сүлейменов Болатбек ағасы да оның атадан қалған жыр-мақамды ойда сақтауына үлкен септігін тигізген. 1960 жылдары Рүстембекті үйіне арнайы алдырып, таң атқанша жырлатып, магнитофон таспасына жазып алған Болатбек ағасы сол таспаны кейін Көшенейдің қолына ұстатыпты. Бұл туралы өз шығармасында жазушы Адам Мекебаев әңгімелепті.

Өнерді жалықпай үйренуге де болады. Бірақ оның саф түрі қанмен қосылып, сүтпен сінеді. Оның адамға берілу жолын әзірге түсіндіріп берген ғылым жоқ. «Жетектеп кетті», «аян берді» деген сөздерге олардың күлкісі келеді. Қандай да бір заттың сиқырына түсінбеген адамның оған көзбен емес, соқыр күлкімен қарайтыны рас.

Көшеней де жас кезінде шырты ұйқысынан шошып ояныптан болған. Тіпті жоғары мектепте оқып жүрген жігіт шағында да төсегінен атып тұрып: «Бір жолбарыс аузын аямай салды» – депті. Бұл сөзді өз құлағымен естіген інісі Бидас жырау айтады. Сол жолбарыс ата аруағы, жыр киесі емей, не?

Осылайша, Көшеней әкесі Рүстембектің, Үбісұлтан мен Мұзарап жыраудың құлақтан кетпес үнін бойына тұмар қылып тағып, бірте-бірте жыр құдіретінің тереңіне шымылдап бата береді. Алғашқы кездерде ән айтып жүрсе де, оқуға түскен жылдары тамақтан бүлкілдеп шығып, томағасын алған қырандай заулай жөнелетін даусын ұзақ жырларға төсеп салады.

Рүстембек 1968 жылы Қызылорда педагогика институтын бітіріп, Ақжар ауылындағы №28 орта мектепте мұғалім болып қызмет еткен. Бұл оның Ә.Қоңыратбаев, А.Токмағанбетов, М.Байділдаев секілді жыр, жыраулық мәселесін зерттеген оқымыстылар тарапынан таланттының мойындала бастаған шағы.

Көшеней мектепте ұстаз бола жүріп, жыраулық өнердің насихатшысы ғана емес, енді оның зерттеушісі болуға бел буады. 1971 жылы белгілі ғалым Мардан Байділдаев пен Оразкүл Нұрмағанбетованың шақыртуымен Алматыға келіп, ірі ғалымдардың сараптауынан өтеді. Соған соң Мәдениет министрлігінің қолдауымен, Қаз-зак КСР ҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жолдамасымен Мәскеудегі Дүниежүзілік әдебиет институтының шығыстану бөлімінің аспирантурасына жіберіледі. Сөйтіп, біржола

ғылыми ізденіс жолына бет бұрады.

Зерттеушілер Қорқыттан басталатын қобыз үніндегі күй-шілік сарынды сіңірген жыраулық құдірет Көшеней бойында тасқындап жататын еді дейді. Оның үні ұлттық рухты оятып, сөтіндей бастаған тіліміздің қасиетін қайта түлеткенін айтады. Көшенейді тәңірдің үнін жеткізуші деп санайды.

Менің көзіме қараңғыдан қашып шыққан жарық елестейді. Осынша ғажайып «мамықтай жеңіл, табыттай ауыр» жыр айтып отырған қолбасындай жыршының қай жағынан шығып тұр деп ойға шомамн. Сөз тиді ме, сұқ етті ме, сол бір сұңғыланың 27 жасында опат болуы ақылыма сыяр емес.

Менде де бір «жетек» бар сияқты. Кейде Көшенейдің сарыны құлағыма келіп, арқаланып әрі-бері кезетінім бар. Мына бір өлең сондай сәтте туды.

Тіршіліктің кір өңін,
Жырмен жуып жүр едім.
Мамамынан жыраудың,
Таптым дерттің бір емін.
Естігенде тағдырым,
Жұлғеленді жүрегім.
Шуақты еді күн қандай,
Шуағынан дым қалмай.
Қос өкпеке біз сұғып,
Он қабырғам сынғандай.
Ой түбіне қамалдым,
Он бір құлаш зындандай...

Көшеней жыраудың Мәскеудегі өмірі, ой-санасындағы арман сезімі, азаматтық тұлғасы оның жан жары Жұпарға, ұстаздарына, достарына жазған хаттарында керемет көрініс тапқан. Өнертанушы ғалым Берік Жүсіпов Көшенейдің ұстазы О.Нұрмағанбетоваға жазған 6 хатын, ақын досы Серік Сейітмағанбетовке жазған 1 хатын баспасөзге жариялапты. Қазіргі күні сахна саңлағына айналып жүрген Арнұр Көшенейұлы әкесінің жиырма шақты хатын Қармақшы аудандық «Мәдени мұра» орталығына тапсырыпты. Осылардың бәрі «Жырау жазған хаттар» деген тақырыппен бір кітапшаға дайын болып тұрған секілді.


Менің пайымдауынша, Көшеней жалғаған сүлейлердің жыр көші Алмас Алматыовтың ақық шашқан үнімен ілгерілеп, бүгінгі Арнұр, Серік, Майра, Күнсұлға дейінгі тіннің бойымен алыс болашақты бетке алып барады.

Ол жолынан адаспайды, аялдап алып, сапарын соза береді.

Көшенейдің қияда қалықтап тұрып қалған қыран-үні Мәңгілік елдің биік мұраты, ұрпақтың рухани қуаты боларлық өнер байлығы екеніне күмән жоқ.

Рухани жаңғыру жайын бағдарламалап жатқан бүгінгі күні Көшеней секілді ұлы көшті жалғаушылардың мұрасы біздің ұлттық бет-бейнесізді танытатын тамаша мирасымыз емес пе?

Мұндай жауһар жәдігерлік қазіргі тілмен айтқанда қазақ өнерінің брөнді болуға лайық.



Белгілі композитор, күйші, жыршы, ақын Мұрат Сыдықұлының «Жырлайды Арал перзенті», «Жыр мәйегі – мақам» кітаптары туралы ой.

Уақыт шіркіннің бір сәт те кідірместен, тоқтаусыз алға ұмтылатыны да, адамзаттың сол ұлы ағын көшке ілесі беретіні де әмәнда бұлжымас диалектикалық заңдылық. Осынау күрделі үдерістегі адам болмысын саралайтын, оның сол көштегі қым-қуыт қарекет-тірлігін таразылап пайымдайтын көркем әдебиет пен өнердің адам-мезгіл симбиозындағы бағдар ашар шамшырақ (маяк) рөлі ересен десек, – артық айтқандық бола қоймас. Иә, өмір занына айналған аксиомалық шындықтың бірі – осы. Бастауын әлмисақтан, ықылым көне замандар тереңінен алатын осы бір сөз өнері мен саз өнерінің сондай аса маңызды рөлін түсінбеу, осы шындықты өз мәнінде ұғынбау, пендешілік токмейіл тоятта оны елемей немесе мансұқ ету – кез келген ұлт, не қоғам өмірін оңдырмас қасірет пен қатерге апарып ұрындыратынын баба тарих сан мәрте дәлелдеумен келе жатыр...

Солай бола тұра қай заман, қай кезеңді алып қарасақ та, өнерлі жанның үнемі «айда-рынан жел есіп тұрмағаны» белгілі. Басқасын айтпағанның өзінде Абайға, Шоқанға таяқ көтеру, Ақанды, Біржанды «жынданды» деу және басқа да көптеген өнерпаз жандарға жасалған көре алмаушылық, бақастық, іштарық, аяқтан шалу, тағы сол сияқты неше түрлі «аурудан» біздің қазақтың да кенде болмағаны белгілі. Ал, кешегі кенес заманындағы қыастық – өз алдына бөлек әңгіме.

Міне, сырттай қарағанда үнемі жолы болып жүретін жан сияқты көрінгенмен, осы «сыбағадан», яки әлгі қыастық деген кесепаттан «өз үлесін» алса да мойымай, өнері мен жігерінің желкенін ақ жал толқыңға қайымқпай қарсы салған өнерпаз жандардың бірі – Мұрат Сыдықов екені хак. Домбырашы-күйші, композитор, ақын, жыршы Мұрат тәй-тәй басқан саби шағынан толқын әуені мен домбыра үнінде тербеліп, жыр мен саз жөрегіне оралғандықтан тек қана сыйынары – Алла мен таланты, сүйенері – өнері мен еңбегі екенін ерте ұққан жан. Содан болар, осы кезге дейін қасиетті теңіздің кей сәтте құтырынып, мыңдаған сайтандар шыбыртқысы ойнағандай күйге түсіп, сұрапыл дауылды азыната, сапырылсақтан толқынды көкке ата күй кешетін кезіндегідей өмір қиындыктарынан абыроймен өтіп келеді.

Тәуекел кемесінің штурвалын ұстағандағы темірқазығы – өнерге, ата-баба дәстүріне адалдық болған Мұрат Сыдықов жайлы бергісі – аудандық, әрісі – республикалық баспасөзде көптеген дүниелер жарық көрді және ол туралы әлі де талай дүние жарық көрері анық. Мұны айтып отырған себебіміз – оны бүкіл қазақ елі біледі, халық біледі, өнерпаз жанды мақтан етеді. Ол туралы кезінде қазақ елін әлемге паш еткен Ғазиза Жұбанова, Роза Бағланова, Еркеғали Рахмадиев, Асқар Топпанов, Шара Жиенқұлова, Мыңжасар Манғытаев, Фариза Онғарсынова, Кеңес Дүйсекеевтер жылы лебіз білдіріп, Шакирп Дәрмағанбетов, Серік Сейтмағанбетов, Айжарық Сәдібеков, Әбдіжәлел Бәкір, Қазі Данабаев және т.б. көптеген қаламгерлер талантты жанның өнерпаздық қырларын өз еңбектеріне арқау етті. Сондықтан біз Мұрат Сыдықов ағамыз туралы сол ойларды қайталаудан аулақпыз,

мақсатымыз да ол емес, біз оның өткен жылы баспадан шыққан екі кітабы туралы айтпақыз. Ол кітаптардың бірі – көлемді дүние, 616 беттік «Жырлайды Арал перзенті» деген кітап болса, екіншісі – электронды тасымалдағыштағы нұсқасы бар «Жыр мәйегі – мақам» атты кітап. Екі кітап та «ARNA-B» баспасынан шыққан.

«Жырлайды Арал перзенті» атты кітап жеті бөлімнен тұрады. Кітаптың «Өнермен өрнектелген өмірдерек» атты бірінші бөлімі М.Сыдықовтың өнер жолы туралы 1958 жылдардан бергі тұсты қамтитын фотосуреттер топтастырылған, жылдар өте бұл суреттердің Арал маңы көркемөнерпаздарының өмірінен сыр шертер фотокұжаттарға айналатынына дау жоқ, тіпті оның кейбірі қазіргі күннің өзінде-ақ үлкен маңызға ие.

3-6 бөлімдерде әндері, сценарийлер, партитуралар берілген, сондай-ақ әндер нотасы мен мәтіндерінің, күйлердің шығу тарихы мен ноталарының, кештер сценарийлерінің енгізілуі кітаптың өнер ұжымдары мен мектептері үшін қажетті құрал қызметін атқара алатынын да көрсетеді.

Келесі еңбек – М. Сыдықовтың «Жыр мәйегі – мақам» атты кітабы. Бітімі бөлек бұл еңбек – автордың ұзақ жылдардан бергі жинаған мақам-саздарының алғаш баспа бетін көруі. Кітапка енген 31 мақам-саздың үшеуі автордың төл туындысы, ал қалғандары саз иірімін созу-да өзіндік өрнекке қол жеткізген айтулы өнерпаздар Үмбетәлі, Бижан, Жанаберген, Дәрікүл, Жаппарберді, Сары жырау (Қанатұлы Жансүгір), Қуат сынды жыраулардікі. Бұл мақам-саздардың біразын жойылып кеттіге санап жүрген болатынбыз. «1950 жылдардың басында «Жанаталап» колхозының төрағасы Жаңаберген жырауды аттылы екі НКВД қызметкері баласымен қоса тұтқындап, Аралға айдап әкеткен еді. Бастықпын деп шірәнді білмейтін жампоз жырау да, оның баласы да содан қайтып туған жерге оралған жоқ. Кезінде орталық болып дүрілдеп тұрған «Жанаталап» малшылар қыстауына айналды, жыраудың жырлары да, мақамы да белгісіз болып қалды» деген әңгімені естіген бізге М.Сыдықовтың бұл кітабынан оның мақам-сазын жолықтыру үлкен олжаға кезіккендей әсер қалдырды.

Сол сияқты жоғарыда аты аталатын жыраулардың бүгінге дейін беймәлім болып келген мақам-саздарының нотаға түсіп, кітапка енуі, электронды тасымалдағышқа түсірілуі – өлгенің тіріліп, өшкенің жанғандық емес пе. Бұл тұста осы екі кітаптағы барлық мақам-саз, күй, әнді нотаға түсірген Жандос Мұратұлы Сыдықовтың да еңбегі ерен екенін айта өту қажет.

Кітапта жыраулар туралы қысқаша мағлұмат бере келіп, мәтін авторы мен мақам-саз иесін, орындаушыны көрсетіп отыруы М.Сыдықовтың көркем құндылыққа, өнер мен өнерпазға деген адалдығын, бабалар жолына беріктігін көрсетеді. Міне, көп жылғы еңбектің жемісі «иненем құдық қазғандай» болып төккен тердің нәтижесі ел игілігіне, ұрпақ кәдесіне жарауды мақсат ете жарыққа шығып, елге, қалын оқырманға, өнер сүйер қауымға жол тартты.

Алдажар ӘБІЛОВ,
Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

ӘН-ҒҰМЫР



«Жақсының аты өшпейді» деседі. Рас екен. Жұырда ақын әрі композитор Батырхан Нұрымбетовті еске алуға арналған аудандық әншілер байқауы көп жайтты ұғындырғандай. Сырға толы, таңғы шықтай мөлдiреген әндерімен тыңдарманның көңілін баурап, жүрген жаулаған Батырханды жұрт жақсы біледі.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Көпшілік әлі күнге іздейтін, өмірден ерте кеткен әнші Нәби Айтмұратов орындаған «Гүлім, гүлім, гүлімсің» деп басталатын әнді кім білмейді дейсіз? Ә дегеннен тыңдарманын елең еткізген осынау әннің авторы Бәкең болатын. Мұнан өзге

де қаншама әндер жазып, халқының көңілінің нақ төрінен орын алған әкпейіл де қарапайым мінезді Батырханның бұл өмірден өткеніне де жыл толыпты.

Түктібаев атындағы елді мекенде өткен байқауға талапкерлердің көп қатысуы жұртшылықтың сүйікті композиторына деген ыстық ықыласын аңғартты. Аталған шараға Қазақстан авторлық қоғамының мүшесі, сазгер Серік Төлеуов, әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі Галя Оспанова, белгілі әнші, ұстаз Анар Әділова тәрізді нағыз өнер майталмандары қазылық етті. Бұл кешке «Ақмаржан» шаруа қожалығының төрағасы Мұхтар Тәжімұратов, №88 мектеп директоры Қуандық Қожалепесов және сазгердің сыныптастары демеушілік жасады. Байқауда Әмір Сариев бас жүлде иеленді. Жөнімпаздар мен жүлдегерлер, өнерімен дараландылар түрлі номинациялар алып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Б.Нұрымбетовті еске алуға арналған шара Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Ерте үзілген ән-ғұмыр» атты ән кешімен жалғасын тапты. Кеш шымылдығын ашқан аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Жарылқап өнер иесінің өнегелі жолына тоқталды. «Ерте үзілген ән-ғұмыр» атты кітабының тұсаукесер рәсімі жасалды.

Композиторлықпен қатар, ұстаздық жолда да аянбай тер төккен талант жайлы Қазалы ауданының құрметті азаматы, ардагер ұстаз Шарафадин Алтынбаев тебірене әңгімелеп, Алға ауылдық округінің әкімі Абдолла Төлемісов, еңбек ардагері Байғабұл Әбсұлтанов өз естеліктерімен бөлісті.

Аудан өнерпаздары оның әндерін орындады. Өлендерін оқып, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Қазалы ауданы.



ҚАЙРАН СОЛ, «СЫР СҰЛУЫ», ҚАЙДАСЫҢ?

Кешегі өмір ән-сәтте тарихқа айналды. Тарихқа айналған екен, оны қайта жаңғырту бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі келелі іс болып табылады. Міне, биыл осындай өнерлі ұжымның көркемдік жетекшісі, әрі дирижері Мүлкаман Қалауовтың туғанына 80 жыл, «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамбліне 50 жыл толып отыр.

1967 жылы «Сыр сұлуы» ансамблі құрылған кезде М.Қалауов бар болғаны 30 жаста екен. Өрине, жергілікті жерден бұл ұжымның өнер санлағы болып қалыптасуына тікелей ықпал етіп, қамқорлық көрсеткен сол тұстағы басшылардың есімдерін айта кеткен жөн. Олар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Ықсанов, хатшылары – С.Танекеев, Қ.Жарқынбеков, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы А.Айдосов, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Б.Досмаханова, облыстық комсомол комитетінің хатшысы Б.Қарғабәев, Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтының ректоры Б.Өсербаев, М.Мәметова атындағы педагогикалық училищенің директоры Ұ.Рысбекова, факультет деканы Н.Жүнісов, облыстық мәдениет үйінің директоры С.Тұрлымұратов сынды ел азаматтары еді. Ұжым жұмысын насихаттап, ақпараттандырушы – облыстық газеттің бас редакторы Ұ.Бағаев және облыстық телерадио комитетінің төрағасы Ж.Бекқожаев болды.

Ансамбльдің хор ұжымын доцент А.Манасбаева басқарса, би кө-



ріністерін қоюшылар Д.Әбіров, Р.Сүлейменова, ал оркестрге талантты музыкант М.Қалауов жетекшілік жасады. Конференсые – М.Макаева.

Жастар арасындағы ұйымдастыру және саяси тәрбие жұмысын С.Хангельдин басқарды. Қойылымның сценарийін әзірлеген ақиық ақын, жерлесіміз А.Токмағамбетов пен тарлан журналист О.Бодыков болатын.

Осындай жауапты кісілердің басылығымен бүкіл ел болып, жұмыла кіріскен жауапкершіліктің, күш-жігер, төгілген тер, күні-түні мезгілсіз еңбектің, бірліктің арқасында жаңа келбетті өнер өрнегі дүниеге келген еді. Ол – «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі.

Ансамбльдің атауы ән әлемінің падишасы А.Токмағамбетов пен тарлан журналист О.Бодыков болатын.

сөзіне жазылған «Сыр сұлуы» әніне байланысты қойылды.

1967 жылы 9-14 шілде аралығында 140 мүшесі бар «Сыр сұлуы» ансамблі республикалық байқаудан үздік шығып, құрамы 90 адамға қысқартылып, Мәскеуге Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер апталығына жолдама алды. Бір апта бойы ансамбль Мәскеу алаңдарында Бүкілодақтық халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің үлкен эстрадасында концерт беріп, нәтижесінде ВДНХ-ның «Алтын медалі» және дипломдармен марапатталды.

1968 жылы ақпан айында «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі республикамызда тұңғыш рет «Халық ән-би ансамблі» деген жоғары атаққа ие болды.

Осы жылы шеберлігі ұшталған, құрамында 35 адамы бар халық ән-би ансамблі Болгарияда өткен студент-жастардың IX фестивалінің лауреаты атанды.

1970 жылы ансамбль Молдавия астанасы – Кишинев қаласында өткізілген II Бүкілодақтық ән-би ансамбльдерінің фестиваліне қатысып, Орта Азия республикаларынан барған өнерпаз ұжымдардан шоқтығы биік болып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Араға жыл салып «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі Алматыға өнер көрсетуге шақырылды. Осы сапарда мәдениет министрлігінің «Құрмет» грамотасына ие болды. Ансамбль туралы журналист, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ж.Бекқожаевтың сценарий бойынша белгілі кинорежиссер Болат Ғабитов-Жансүгіров «Қазақфильм» киностудиясында «Сыр сұлуы» атты деректі фильм түсірді.

1986 жылы «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі Йемен Араб Республикасына және Йемен Халық

Демократиялық Республикасына өнер сапарымен барып, абыроймен оралды. Өнер өлмейді. Олай болса, М.Қалауовтың есімі ұлттық мәдениетімізге, білім мен тәрбие беру ісіне үлкен үлес қосқан азамат, тұма талант, дарын иесі ретінде құрметтеле береді.

2015 жылдың желтоқсан айында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Сыр сұлуы» ансамблі Оңтүстік Кореяның Сеул, Кванджу, Муан және Чолла-мандо провинциясының қалаларында өнер көрсетіп, үлкен абыроймен оралды.

Ал 2018 жылдың қыркүйек айында Ақтөбе қаласында өткен аймақтық 14 вокалды ансамбльдер фестиваліне қатысып, Сыр елінің мәртебесін асқақтатып, халықтың ыстық ықыласына ие болды.

Биылғы 2018 жылдың 6 қарашасы күні Қызылорда облысының Шиялы ауданында М.Қалауовтың 80 жылдығына арналған «Мүлкаман – мәңгілік мұнарасы» атты еске алу кешінде «Сыр сұлуы» вокалды ансамблі және «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі мүшелерінің қатысуымен үлкен іс-шара өтті. Қазіргі кезде «Сыр сұлуы» вокалды ансамблінің көркемдік жетекшісі профессор К.Қыдырбаева.

«Сыр сұлуының» атын өшірмей, осы кезге дейін сахнадан түсірмей жүргеніміз Қорқыт ата атындағы ҚМУ ұжымының, ректор Қ.Бисеновтың бізге тікелей көрсеткен қолдауының арқасы. Ол кісіге үлкен қамқорлығы үшін өз ризашылығымызды білдіреміз.

1995 жылдан бері Қызылорда Қазанғап атындағы музыкалық колледждің «Сыр сұлуы» би ансамблі «Сыр сұлуының» өнерін жалғастырып келе жатыр. Көптеген қалаларда өткен халықаралық байқауларға қатысып, өнерінің өрісін өркендетіп, марапатталуда.

«Сыр сұлуы» би ансамблінің жетекшісі – ҚР Мәдениет қайраткері Төребек Бактыбаев. Осы орайда Қазанғап атындағы музыкалық колледжі ұжымына және ҚР Білім беру ісінің үздігі Кеулімжай Ботабаевқа үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

«Сыр сұлуы» халық ән-би ансамбліне жарты ғасыр толып отыр. Осындайда еріксіз ойға көптің көкейінде жүрген бір сауал келеді. Ол – «Қайран сол, «Сыр сұлуы» қайда екен?» деген сұрақ. Сыр елінің топырағында дүниеге келген ансамбль халқымыздың тыныс-тіршілігін, табиғатын, өнері мен салт-дәстүрін шетелдіктер алдында мойындатып, бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген «Сыр сұлуы» неге жоғалады, неге жоғалуға тиіс? Осының шешімін таба алмай жүргенімізге 30 жылдан аса уақыт болды. Өрине, жүрегіміз сыздайды, жанымыз ашиды. Бұл 1967-1986 жылдар аралығындағы «Сыр сұлуы» ансамблі мүшелерінің де ойларында жүрген сауал десем, артық емес.

Өзінің соңынан өшпейтін із, өлмейтін мұра қалдырған Мүлкаман Сүлейменұлы Қалауовтың есімін облысымыздың бір іргелі өнер ошақтарының біріне беру ісі де, өз шешімін таба алмай келе жатқан жайы бар.

Қазіргі кезде «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі халық шығармашылығын дамыту орталығына қарайды.

Рухани жаңғыру аясында «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі қайта жаңғыртса екен деген арманымыз, әрі өтінішіміз бар. «Сыр сұлуы» құрамын қайта жасақтап, жас таланттармен жаңа шығармашылық өмірге жолдама берсе, Сыр елі өнерінің бір парасы боп, өнер тарихын жалғайтынына сеніміміз мол.

Зина СЕКСЕНБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ-дың доценті.

MEREI

Туған жердің тарихын терең танумен бірге, сол жердің тамырымен сабақтастық танымақ тұлғаларын, тағы басқа рухани құндылықтарының барлығын бүгінгі ұрпақ жадына түіп өсуі қажет. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласында атап көрсеткен болатын.

ӨЛКЕТАНУШЫНЫҢ ӨЗГЕШЕ ӨМІР СОҚПАҒЫ

Ғазиза ӘБДИЛЛА.

Туған жердің тұғырлы перзенттері жайлы тарихи тағалымы мол деректі туындылар мен өмірлік салмағы бар ойлы да орамды мақалалар жазып, елдің рухани құндылығын дәріптеуге ерекше еңбек етіп жүрген жерлесіміз, этнограф Тынышбек Дайрабайдың есімі ел-жұртқа етене таныс. Айталық, оның қаламынан туған “Сырлытам сырлары”, “Дүр Онғар”, “Жорықбай жырау”, “Тоғанас батыр”, “Үбіс би”, “Байқадам батыр”, тағы басқа деректі жазбалары сырғыған уақыттың ағымынан сыр аңдатқан салмақты дүниелер. Олай дейтініміз, бүгінде ғылымға бет бұрған жас ізденушілер де осы бағыттан бастау алып, тақырып тінін тереңірек тарқатуға қызығушылық танытып жатады.

Сыр перзенті, этнограф, өлкетанушы, қарымды каламгер, “Құрмет” орденінің иегері Тынышбек Майлыбайұлы биыл 75 жасқа толып отыр. Осыған орай, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың ұйымдастыруымен Студенттер сарайында “Сыр өңірінің рухани әлемі: зерттеуі және келешегі” атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті.

Конференция жұмысын аталған университет ректоры, техника ғылымдарының докторы Қылышбай Бисенов жүргізді. Ол өз сөзінде тарихи терең Сыр өлкесінің шежірелі мұрасын зерттеп-зерделеуде сүбелі еңбек етіп жүрген Т.Дайрабайдың еңбектері аймақ өміріндегі ауқымды тақырыптардың, мазмұнды деректердің арқауы болғанын атап өтті.

Бұдан соң-конференция тақырыбына сай баяндамашылар сөз алды. Тарих ғылымдарының докторы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Хазіретәлі Тұрсын “Т.Дайрабай – тұлғатанушы” тақырыбындағы баяндамасында мерейтой иесінің “Тоғанас батыр”, “Қаңлы Жүсіп”, “Қорқыт ата энциклопедиясы”, “Кете Жүсіп”, “Дүр Онғар”, “Билер сөзі” кітаптары қазақ тарихындағы әйгілі тұлғалардың жалпы оқырманға кеңінен танылып, бүгінде бірқатары ғылыми еңбектерге бастау болғанын айтты. Ал география ғылымдарының кандидаты Қали Омаров “Т.Дайрабайдың Сырдың санлақ тұлғаларының есімін ұлықтаудағы еңбегі” жайлы баяндады. Осы ретте өлкетанушы Тынышбек Майлыбайұлының ай-



мағымыздағы бірқатар ауылдар мен көше атауларын қазақшаға өзгертуде, сондай-ақ, туған жердің танымал тұлғаларының есімдерін есте қалдыру мақсатында көптеген игілікті істерге бастамашы болғанын дәйекті дәлелдермен жеткізді.

Филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев “Руханият қамқоршысы” тақырыбындағы баяндамасында зерттеуші Т.Дайрабайдың кешегі XIX-XX ғасырларда өмір сүрген әдебиет өкілдерінің еңбектерін елге танытудағы салмақты үлесі жайлы сөз қозғаса, ақын Ибрагим Бекмаханов мерейтой иесіне деген ізгі ниетін өлеңмен өрнектеп жеткізді.

“Археология және этнография” ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжеев “Сыр өңіріндегі өлкетану жұмысындағы жаңа кезең: нәтижелері және болашағы” тақырыбынан тарқатса, университеттің филология, тарих және құқық факультетінің I курс магистранты Бақытжан Ахметбек “Шежірелі әулет” тақырыбына тоқталды.

Конференцияны қорытындылай келе, университеттің ғылыми кеңесінің ұйғаруымен осынау іргелі оқу орнының ғылыми әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін мерейтой иесі ҚМУ-дың құрметті профессоры Тынышбек Дайрабайды Қорқыт ата атындағы “Алтын медалмен” марапаттап, сый құрмет көрсетті. Сондай-ақ, осы марапат Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Х. Тұрсынға табысталды.

TUSAŪKESER

ЖАЗУШЫ мен ТЕҢІЗ

Өмір жолын, тағдырын теңізбен байланыстырған, Аралды зерттеуге бақандай 25 жылын арнаған Сыр елінің каламгері, эколог-жазушы, публицист, «Парасат» орденінің иегері Сайлаубай Жұбатырұлының жуырда «Абыржы» атты трилогиясы жарық көрді. Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының шаңырағында академия кітапханасы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен аталған кітаптың таныстырылымы өтті.

Кино және телевизия факультеті студенттері жиналған шығармашылық кешті Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының тәрбие ісі жөніндегі проректоры Ш.Ергөбек ашып, жазушыға қонаққа де жасады.

Академия профессоры, кинодраматург-режиссер Ғанижамал Әбділдина тізгінін ұстаған кеште жазушы Молдахмет Қаназ, академия профес-

соры, белгілі режиссер Болат Шәріп, суретші Қайырбай Закиров, ардагер журналист Сәтімбек Рысбаев каламгер туралы, оның бірегей шығармасы жайында лебіздерін айтты. Ал «Абыржының» лентасын жазушы Мереке Құлқенов және танымал журналист Ахмет Өмірзақ кесті.

Сайлаубай Жұбатырұлы кезінде туған жерім деп, Арал проблемасын зерттеймін деп, Алматыдағы қызметін тастап, туған жеріне оралған болатын.

«Абыржы. Ол бір келеді. Жәй келмей, тұтқиылдан, дауылмен, лайсан тасқынымен келеді. Су жағалап күн көрген, балық аулауды кәсіп еткен жұрт ашқұрсақ тартуға күн кешеді. Алыс-беріс, хабар-қатынастан дағдаралы. Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзіледі. Өлара шақ. Мұны сол бір су бойындағы ел абыржы деп атаған».

Бірақ Арал экологиялық-әлеуметтік дағдарысын эколог ретінде ұзақ жыл зерттеп, теңізбен күнелткен халықтың тыныс-тіршілігін каламгерлік көсемсөзімен өрнектеген жазушының бұл жолғы «Абыржысының» айтары басқа.

– «Абыржы» – каламгердің ұзақ уақыт бойы аса ыждағатпен, тынымсыз ізденіс үстінде дүниеге әкелген сом дүниесі. Әдебиетімізге

романтикалық соны серпініде келген қазақтың танымал жазушысы Сайлаубай Жұбатырұлы бұл көлемді туындыны ел-жер жолындағы көп-жылдық экологиялық-әлеуметтік ізденістер соңында дүниеге әкелді. Роман заты – алып империя күйреп, тәуелсіз ел тұңғыш қадамдар жасап, формациялар қинала ауысып жатқан күрделі кезеңдегі ойлы адамның жан дүниесі, өтпелі кезең шындықтары. «Абыржы» атауының өзі – осындай өлара сәттің жәдігер сөзі. Автордың шығармашылық даралығын танытқан «Абыржы» қазақ әдебиетінің соңғы ширек ғасырда дүниеге келген сүйекті де сүбелі олжасы деуге негіз бар, – деді «Абыржы» трилогиясының редакторы ақын Байбота Қошым-Ноғай.

Сайлаубай Жұбатырұлы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан» газетінде, «Қазақфильм» киностудиясында, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінде, Қазақ телерадиосөзінде, М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында жауапты қызметтер атқарған. Оқырманға тұңғыш рет 1967 жылы «Білім және еңбек» журналында «Аралды қайтсек сақтаймыз?» деген проблемалық мақаласымен және «Қазақстан пионері» газетінде жа-

рияланған «Боз айғыр» әңгімесімен танылған. 1971 жылы жастарға арналған шығармалардың жабық байгесінде «Алыстағы аралдар» повесімен 2-орынды жеңіп алған. «Отты өткел», «Бумеранг» повестері, бірсыпыра әңгіме-новелласы «Жасыл сағым», «Алыстағы аралдар», «Зеленый мираж» жинақтарында және бірнеше ұжымдық жинақтарда басылған. Ал «Алақандар ұя» әңгімесі әлемнің бес тілінде жарық көрді. Елуге тарта көркем фильмді аударған. 1967 жылдан бастап Арал, Сырдария, Байқоңыр, Балқаш көлі мәселелерін көтерген эколог-жазушы. «Кіші арал», «Қазақстан арнасы» идеяларының авторы.

Кеш барысында трилогия авторы жайында «Арал және жазушы тағдыры» тақырыбымен түсірілген деректі фильм көрсетілді.

«Абыржы» трилогиясын безендірген кітап безендіру ісінде үлкен орны бар, дарынды суретші Бейсен Серікбай болды. Тұсаукесер соңында Сайлаубай Жұбатырұлы Академия басшылығына, кездесуді ұйымдастырған ұстаздар ұжымына, ынталы студенттер қауымына ыстық ықылас лебізін білдірді.

«СБ» ақпарат.

дініне жасалған реформа жайындағы түсініктерің молайту.

Екінші кітап та профессор Б.Кәріпұлы және университеттің аға оқытушысы Б.Апенютин авторлығымен «Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық дүниетаным сипаты» деген атпен жарыққа шықты.

Бұл кітапта XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сыр бойында өмір сүрген Сыр сүлейлерінің дүниетанымдық, философиялық, ағартушылық, адамгершілік, этикалық, адами болмыс, өмір мен өлім мәселелері тұрғысындағы ой-толғаулар сараланып, отандық және әлемдік философиядағы танымал ойшылдардың ойларымен сабақтастырыла қарастырылады. Еңбекте Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Ешінжа Жәңгілдікүлі, Тұрмағанбет Ізтілеулы, Шегебай Бектасұлы, Өлібек Бөкенов, Сейтжан Бекшен-тайұлы, Жорықбай Табынбайұлы, Оңғар Дырқайұлы, Баспан Құлымбайұлы, Әзілқаш Шымырұлы, Бұдабай Қабылұлы секілді ақын-жыраулардың шығармаларындағы ұлттық дүниетаным сипаты жан-жақты зерделенген.

Еңбектің құндылығы Сыр сүлейлері шығармашылығының жаңа мазмұнда, рухани жаңғыру аясында қарастырылуында. Өйткені, Сыр сүлейлерінің шығармалары, ондағы ой-толғаулар осы уақыттарға дейін көп жағдайда әдеби, лингвистикалық, тәрбиелік сипаты тұрғысынан зерттеліп, насихатталып келсе, аталған еңбектегі Сыр сүлейлері шығармашылығын дүниетанымдық, философиялық тұр-

ғыдан талдау санаулы диссертациялық еңбектерде ғана кездеседі. Бұл еңбекті Сыр сүлейлерінің философиялық, дүниетанымдық ой-толғауларын қалың көпшілікке таныстырып, насихаттаудағы алғашқы қадам деп санауға болады.

Кітаптағы қамтылған мәселелер алдағы уақытта жас ғалымдар мен ізденушілер үшін диссертациялық зерттеу тақырыптарына негіз бола алады.

Ғылыми-танымдық еңбектің қосымша тарауында Сырдан шыққан шайырлар мен жыраулардың, эпик жырыштылардың, жырышы-орындаушылар мен ақындардың, әнші, күйші, композиторлардың, домбырашы мен қобызшылардың, сахнагерлер мен әдебиет, өнер, фольклортанушылардың, Сыр сүлейлері мұраларын жинаушылардың тізімдерінің берілуі, әдеби мұраларды игерудегі ұрпақтар сабақтастығын жалғастырудың, дамытудың, іске асырудың бірден-бір тиімді жолы деп түсінген абзал.

Айта кетейік, қос кітап та Білім және ғылым министрлігі жариялаған гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы «Сыр сүлейлері шығармаларының тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық және ұлттық сипаттарының «Мәңгілік Ел» рухында жарылуы» атты ғылыми жобаның аясында жарияланып отыр.

Күнімжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ докторанты.



MEREI

АРМАН мен МАҚСАТ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қалай ойлайсыз, өткен күндерді еске аларқылы бүгінгі өмірді түсіну жеңілдеу тиетін шығар кім-кімге де? Әрине, өмір мұхитының ағысында әр пенденің тасқымен арпалыса жүзіп, қай қиырдан табылары, қай толқынның астында қалары, қай қалтарыстан қалқып шығары бір жаратушыға ғана аян болар. Дегенде, адамды алға сүйрейтін оның арманы мен берік мақсаты шығар деген ойлар әлсін-әлсін мені де мазалап тұрады.

Сонау алпысыншы-жетпісінші жылдардың жастары негізінен арманшыл да, қиялшыл болған секілді. Яғни, романтик! Осындайда ойыма оралады ғой, біздің алыс ауылдағы, өзімізден 7-8 жас ересек аға-жөнгелеріміз «Романтика» деген топ құрып, түрлі қызықты думандар өткізіп жүретін еді. Олардың бәрі де орта мектепті енді ғана бітірген, бірі – кеңшарда шоқыр, бірі – тракторшы, енді бірі жұмысшы деген секілді қарапайым ғана жандар. Әйтсе де, армандары – асқар таудай, қиялы қыяға тартқан, жастық жігерлері жалындаған жастар еді-ау. Еңбек ете жүріп, қоғамның дамуына үлес қосыу, абыройлы болуы адамгершілік қасиеттерімен астаып жататын. Ұйымшыл да, елгезек-тін. Бүгінгідей ақша романтикасы дүрілдеп алға шықпаған кез, сондықтан да олар қайырымды да қоғамшыл болатын-ды. Міне, жоғарыда айтып отырған арманшыл жастарға маяк болған кімдер еді? Ақын-жазушылар, журналистер, спортшылар, өнерілері! Осы қатардан аудандық газеттің әдеби қызметкері, өлең жазатын өнерпаз, бұл күндері жетпіс жастың жекенін кереген Файзулла Сахиев ағамызды да көрер едік. Аудандық басшының әр санында өнегелі өмір мен кестелі келешекті өрнектеген әсерлі мақалалар жиі жарияланып, жалпы жамағатқа серпіліс беріп отыратын-ды. Әлгі арманшыл жастар

осындайда тіпті жанып түсетін еді. Енді ше, ғасыр басындағы түрлі алай-дүлей заман, ашаршылық, соғыстан жүрегі шайлыққан ұрпақтың бейбіт өмірдің қалірін түсініп, бой жаза бастаған шағы екен ғой, бұл кез. Романтиктердің ұлттық рух пен мәдени құндылықтарға аса қызығушылық танытқандығын осы күндері болжамдағандаймыз.

– Орта мектепті бітірген 1966 жылы Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы» газетінде корректорлық қызметке орналастым. Газет түнде шығады, түнімен келесі нөмірді шығаруға жанталасып, басахана мен редакцияның арасында зыр жүгіреміз. Райкомына да бас ие бермейтін Мырқы Исаявты, барынша мейірімді, еш дауыс көтермейтін Минер Арысбаев секілді редакторларды көргенбіз, сыйпай да сырбаз Адырбек Сопыбеков ағамыз бар, әйтеуір бізге алып адамдардай көрінетін. Сол кісілерге еліктеп, барынша жақсы болуға тырысып жүрдік. Жақсы болуға деген құштарлық көп мағыналы ғой, сондықтан да үнемі ізденіс үстінде болдық, – деп Файзекен егтеп сыр ашады әңгіме барысында.

Иә, аудандық газеттің қарапайым қызметкері бола жүріп, жұқалтқан сары бала қойын кітапшасына өлең сөздерін өрнектейтін-ді. Шағын хабарлар дайындай жүре, ауқымды мақалаларға да құлаш сермеп көрді. Бұл қабілетін байқаған ағалары Сахиевті 1971 жылы редакцияның әдеби қызметкерлігіне көтерді. Тағы да 3-4 жылдан соң бөлім меңгерушісінің міндетіне кірісті. Міне, осы кезде ғой, жас талапкердің екінші тынысы ашылып, әдеби-көркем салаларда жемісті еңбек ете бастағаны. Ауыл жастарының да аузын ашып, көзін жұмып Файзулла Сахиевке таңдана қарайтыны сол уақыт. Рас, сол жылдары аудандық газеттің де, оның журналистерінің де беделі өте жоғары болатын-ды. Айналада болып жатқан оқиғалардың соңынан салпақтап, тек докелердің аузынан шыққанды қағазға түсірмейді, мәселені жан-жақты сараптап, түйінді пікір айта алатын қабілет пен қарымға ие еді қаламгер. Сын және өзара сын деген девиз оған толық жол ашқанды.



– Бізді жас демеі редакторларымыздың да талабы қаталдау болатын. Одан зиян шекпедік. Жазу үлгіміздің қалыптасуына олардың пайдасы мол болды, – дейді қаламгер.

Өмірдің алғашқы соқпағы түзу басталса, кейінгі даңғылы да көп бұраланға түспеуі тиіс. Файзекен еңбек ете жүріп ҚазМУ-дың журналистика факультетін сырттай оқып, бітіріп алды. Сол кездері әркімнің қолы жете бермейтін жоғары білім ордасының дипломына ие болды. Талантты да ұқыпты, алғыр жасты аудандық партия комитеті қызметке шақырып, 1976-1981 жылдары «Білім» қоғамы аудандық ұйымының жауапты хатшысы, 1981-1986 жылдары аудандық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы қызметтерін атқарып, ақ үйге де кіріп-шығып жүргені бар. Арада он жыл өткен соң, қайта редакцияға оралды. Бұл кезде білімі толысқан, аудан халқы арасында беделге ие кадр аудандық газет редакторының орынбасарлығына өбден лайық еді. Бұл билікке Горбачевтің келіп, тың

өзгерістердің белең алған кезі ғой, Файзулла газеттің қара жұмысына күмп етіп кірісті де кетті. Күнімен бітпейтін жиналыстарда жүреді, түнімен әр мақаланы оқып, сызғылап отырғаны, бір әріптен қате кетсе, ертесіне қып-қызыл айқай. Содан арпалысып жүріп бір күні қараса, тағы да он жыл өте шығыпты ғой. Баяғы қойын кітапшадағы өлеңдері толыспаған, әдебиеттен алыстап бара жатқандай ма, қалай? Өлең өлкесіне қайта мойын бұрды. Шығармалары облыстық, республикалық газеттерде қайта көріне бастады. Жазған құлда шаршау бар ма, жоғарыдағылардың ұсынысымен аудан әкімдігіне қайта оралып, зейнетке шыққан 2015 жылға дейін он жыл аудан әкімі аппаратының қоғамдық-саяси бөлімінің бастығы, тағы он жыл аудандық мәслихатта бас маман болып қызмет атқарды. Яғни, саналы ғұмырының барлығы ат үстінде өтті десе болады.

Күнделікті қызметімен арпалыса жүріп жазған бірнеше шығармалары түрлі жинақтарға енсе, Құлан ақын мен Бексұлтан жайлы «Қосүйеңкінің қос бәйтерегі», Жаңақорған ауданының 75 жылдығына орай «Келешегі кемел аудан», «Арман жылғасы», «Көңіл көзімен», «Өмір-өзен», «Айтыстың ақтангері», «Жырлайды жүрек», «Аузымда өлең деген алмасым бар», «Бабалар ізін жаңғыртқан» «Абырой биігінде», «Майда бар», «Өлеңім-өмірім», «Сыр толқыны» деп аталатын таңдамалы өлеңдері, поэмалары, деректі жинақтары жарық көрді.

Файзулла Сахиев көптеген марапаттарға да ие болып, абыройлы қызмет атқарды. Бұл күндері зейнеткерлікте. Аудандық ардагерлер алқасының белсенді мүшесі. Көнтін және ауданның құрметті азаматы деген атағы да бар. Жұбайы Дариха екеуі алты ұл-қызын ұяларына қондырып, 18 немере, 2 шөбере сүйіп отырған ардақты ата.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



АЛЕМ JAҢАЛЫQTARY

ӨЗБЕКСТАН АТОМ ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНАТЫН БОЛАДЫ

«Азаттық» радиосының тілшісі хабарлағанындай, жуырда Ташкентте Өзбекстан және Ресей президенттері Ш.Мирзиоев пен В.Путин атом электр стансасын салу жөнінде келісімге қол қойды. Ресей Өзбекстанда салынатын АЭС-қа сол елге несие есебінен 11,3 млрд АҚШ долларын жұмсайтын болады. Жалпы, нысанның құны шамамен 13 млрд доллар.

Ресей президентінің атап өткеніндей, Өзбекстанда АЭС құрылысымен бірге «Росатом» күшімен осыған байланысты тұтас экономика салалары дамитын болады. Ресейде Өзбекстанға арналған мамандар дайындалады. АЭС-тің екі блогы 2,4 млрд мегаватт арзан электр қуатын өндіреді, оның біршама бөлігі Орталық Азия елдеріне экспортталатын болады.

Ш.Мирзиоевтің пікірінше, бұл жоба Өзбекстан үшін тиімді. Өзбек президенті АЭС құрылысына орасан аса қомақты қаражат салып отырған Ресеймен газ есебінен есеп айырысуды көздеп отыр.

МҰСЫЛМАН ӨКІЛДЕРІ АҚШ САЯСАТЫНА БІҚПАЛ ЖАСАМАҚШЫ

BBC агенттігінің хабарлауынша, АҚШ-тағы конгреске алдын ала сайлау барысы оған тұңғыш рет мұсылман әйелдердің келу мүмкіндігі зор екенін көрсетіп отыр.

Бұл орайда Рашид Тлаиб және Ильхан Омардың демократиялық партиядан үміткер болып тіркелгені айтылып, олардың қазіргі өзінде президент Трамптың иммиграцияға, мұсылмандарға қарсы саясатын қолдамайтыны атап көрсетілген.

Екі кандидат Мичиган және Миннесота штатын конгрестің өкілдер палатасында қорғайтын болады. Алдын ала сайлауда мұсылман кандидаттардың саны 100-ден асып кеткен.

МҰНАЙ БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕДІ

Жуырда ОПЕК (мұнай өндіруші елдер ұйымы) және оған қосылмайтын елдер өкілдері Абу-Дабиде бас қосып, 2019 жылы мұнай бағасы қандай болуы керек деген сауалдың жауабын іздеді.

Мұнай өндіруді қысқарту керек пе, жоқ па? Әзірге бұл сауалдың жауабы бұлыңғырлау күйінде қалып отыр. Себебі әр елдің ұстанымы әртүрлі. Мысалы, Ресей мұнай бағасының төмен жағары болғанын қаламайды. Бұл Қазақстанға да тиімсіз.

Сауд Арабиясының бюджеті бірыңғай мұнай бағасына тәуелді болғандықтан ол әлем рыногында бағаның жоғары болғанын қалайды. Алайда, бүгінде бағаны рынок реттейді. Осыған сүйенген сарапшылар 2019 жылға көктем айларынан ерте болжам жасауға болмайтынын айтады.

Ж.ӘЛМАХАН.

SHARA

«БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ» ЖӘРМЕҢКЕСІ

А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде ҚР мемлекеттік қызмет өкілі және сыйбас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті мен Жұмыспен қамту орталығының ұйымдастыруымен «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өтті. Мемлекеттік мекемелердің қатысуымен жәрмеңке тоғызыншы рет жалғасын тауып отыр.

☞ Сара АДАЙБАЕВА.

Департамент басшысы Абзал Мұхимов мемлекеттік қызметтер көрсету және бос жұмыс орындары жәрмеңкесі қатар өткізіліп отырғанын шараның жұмыссыз жандар үшін

маңызы зор екенін жеткізді.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің мақсаты – жұмыс берушілерге қажетті мамандар таңдауларына, ал жұмыс іздеушілерге жұмысқа орналасуына ықпал жасау. Сонымен бірге мемлекеттік қызметке орналасу мәселесінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетеді.

Жұмыс іздеп, әрбір мекеменің табалдырығын тоздырған жандар үшін бұл үлкен мүмкіндік болды. Жастардың басым бөлігі түйіндемелерін өздерінің мамандықтарына сай келетін мекемеге тапсырып, кеңес алып жатыр. Солардың бірі – Ақолді Сағатұлы. Ол қаладағы инженерлік-техникалық колледжді тәмамдаған. Мамандығы электромонтер. Оның жұмыссыз жүргеніне біршама уақыт болған. Жакында жұмыспен қамту орталығына тіркелді.

Бүгінгі шарада жұмыс берушілер тарапынан ұсыныс аларына сенімді. Себебі қазіргі кезде дәнекерлеуші, электр жабдықтарымен жұмыс жасайтын мамандарға сұраныс жоғары екені белгілі. Сондай-ақ, жәрмеңкеге келушілер жер қатынастары, әлеуметтік сала, құрылыс-саулет, Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметтеріне жүгініп, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды.

Жәрмеңкеге жұмыс беруші ретінде қаладағы 27 мекеме мен кәсіпорннан 100 жұмыс орны ұсынылды. Ал, 11 мемлекеттік органдан 50 бос орын бары хабарланды. Шара аясында жұмыс іздеуші азаматтарға тұрақты жұмысқа орналасу үшін жолдама берілді.



АЛАЯҚТЫҚТАН АБАЙ БОЛЫҢИЗ!

№	Сотталғандардың аты-жөні	Тағайындалған жаза
19	Гүлмира Орынбасаровна Бурисбаева 20.01.1973 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 4-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
20	Серикбаев Есенгелді Амангелдиевич 12.09.1990 ж.т.	ҚК-тің 190-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, түпкілікті 1 (бір) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
21	Шалхожаев Онталап Амантаевича 11.09.1990 ж.т.	ҚК-тің 190 б. 1 б. кінәлі деп танылып, 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
22	Турганбаева Айнура Сагинбековна 19.02.1974 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. ҚК-нің 63-бабы қолданып, тағайындалған жазаны шартты деп есептелген.
23	Нурлан Нұрбек Ақарысұлының 02.09.1993 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1-тармағымен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жылға бас бостандығынан айыру жазасы шартты түрде тағайындалған.
24	Абиева Алтыншаш Оразовна 16.06.1972 ж.т.	ҚК-тің 24-бабының 3-бөлігі, 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
25	Исмағұл Ләззат Айсаямқызы 03.07.1975 ж.т.	ҚК-тің 24-бабының 3-бөлігі, 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
26	Ахаев Алмас Есиркепович 23.04.1984 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 4-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

27	Молданазарова Айлана Ахметовна 06.06.1984 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
28	Таспабетова Інжу Жалғасқызы 10.02.1987 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 2 (екі) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
29	Сарсенбаев Бахитжан Ибрагимович 27.06.1984 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
30	Қушербаев Нұржан Абдуллаевич 20.04.1986 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
31	Булатов Қуантқан Габитович 02.11.1989 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, түпкілікті 1 (бір) жыл 6 (алты) айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
32	Изматова Гульнур Амановна 15.11.1988 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеуге жазаланған.
33	Сүлейменұлы Олжас 24.10.1992 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен, 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жыл 6 (алты) айға бас бостандығынан айыруға жазаланған.
34	Таубаева Залия Мұханбетқалиқызы 25.01.1989 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 1 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалған.
35	Сендова Сарсенқұл 19.01.1949 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 2 (екі) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
36	Рагимов Әскербек Рагимұлы 29.01.1995 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 1 (бір) жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Жарамсыз деп есептелсін

Аймаханов Ақылбек Мусавичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, 13 бекет өңірі, құрылыс 24 мекеңжайына берілген уақытша (үзак мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін актісінің (қаластырыл №10-156-038-1142, №0236125 19.08.2014 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ АЙҚЫН БАҒЫТЫ

Осыдан жеті жыл бұрын қабылданған «Медиация туралы» заңның естір құлаққа түрілді тигені рас. Алайда, ұғымның атауы таңсық болғанымен, мәні мен мағынасы қазақ халқына жат болмай шықты. Бұл – біздің ата-бабаларымыздың ел ішінде жанжалдарды шешуде бұрыннан қолданып келе жатқан мәміле. Осы орайда тарих беттеріне көз жүгіртсек, жеке адамдар арасындағы, тіпті, бір қауым ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы сияқты келелі тартыстардың барлығы билердің ұтқырлығымен, әділдігімен, шешендігімен оң шешімін тауып отырғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, дала билігінің дара тұлғалары–Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған даналарымыз ел арасындағы кез келген дау-ламайды бітімгершілік жолымен шешіп, тоқсан рулы елдің дауларын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп халқымыздың бірлігін, жерімздің тұтастығын сақтаған. Ендеше, бүгінгі қоғамның демократиялық жанаруы қағидатына дәлме-дәл келетін медиацияның түп тамыры өзіміздің дана бабаларымыздан бастау алған десек те болады.

Сот медиациясының тиімділігі және оны сот тәжірибесінде жетілдірудің мәселелері қазіргі таңда өзекті болып отыр. Тараптар арасында туындаған даулардың шиеленісе түсетінін жиі көріп жүрміз. Сол келіспеушіліктің салдары екі тараптың сот шешіміне разы болмай, жоғары тұрған сот сатыларының табалдырығын тоздыруына әкеп соғады. Мұндай жағдайды мемлекеттік келісім осы даулардың қысқартылуын көздеп, екі тарапқа да тиімді ортақ мәмілеге келуіне септігін тигізеді. Сондықтан да болар, қазіргі таңда медиация институтын, татуластыру рәсімдерін еліміздің сот саласында кеңінен қолдану жұмыстары мықтап қолға алына бастады.


Бақытжан Нұрболұлы Алтынбай,
Қызылорда қаласының
№2 сотының бас маманы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары»
және ауданның барлық басылымдарына
хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnata@mail.ru**

КІРПШІ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған M-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250x120x88 мм, 250x120x65мм.

Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.



(6-5)

ҚАБЫРҒАМДЫ ҚАЙЫСТЫРҒАН ҚЫРЫҚ КҮН

Қызылорда қаласының тұрғыны, әулеттің ұйтқысы, отбасының тірегі, сүйікті жар, асыл әке Исаев Құдайберді Әбжәліұлы 2018 жылдың 23 қазан күні көлік апатынан көз жұмып, күтпеген қазаға душар болды.

Сол бір сұмдық оқиғадан аман қалған ұлым екеуіміз қазір келе жатырмыз. Тән жарасы жазылар, бірақ біздің жанымызды мұздатқан, бауырымызды сыздатқан жүректегі жарамыз қалай жазылар?!

Басымызға түскен ауырлыққа арқасын тосып, қайғымыздың салмағын көтеріскен ағайын-туыс, құда-жекжатқа мың да бір рахмет!

Әлі күнге әлдеқайда кеткендей, әне-міне келіп қалардай елендеймін.

Көңіл күргыр сенбей ме, Мұнға батқан мендей ме? Қырық күнге бір жаққа, Кеткен болса, келмей ме?

Жылай-жылай қамықтым, Күні қандай тамұқтың. Жаратқанның назары, Жұмақтағы жарық күн!



Жатқан жерің пейіш болсын, артында қалғанға өмір кеніш болсын, асылым!

Ағайын-туыс, дос-бауыр, құда-жекжатқа Құдайберді Әбжәліұлының 40 күндік асы 1 желтоқсан күні түскі сағат 12-де «Номад Палас» мейрамханасында өткізілетінін хабарлаймыз. Аруаққа дұға бағыштап, құранға қол жайғандар ішінде болыңыздар.

Еске алушылар Исаевтар отбасы, зайыбы Ләйла, ұл-қызы және немересі.

Қызылорда облысы соттары мен Соттар әкімшісінің ұжымдары және ҚР Судьялар Одағының облыстық филиалы Қызылорда қалалық сотының судьясы Болат Самадияұлы Пазыловқа әкесі

Самадиян Пазыловтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС



Химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебіне биыл – 5 жыл. Таңдаулы білім ордасы аз ғана уақытта республикада көшбасшылар қатарына шығып, бәсекеге бейімділігін көрсетті. Өткен сәрсенбіде «Сыр медиа» ЖШС басшылығы, серіктестікке қарасты облыстық, аудандық басылым редакторлары «СІС» халықаралық мектептер кеңесіне мүшелікке енген білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысты.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ

Экскурсия барысында мектеп директоры Бақыт Жұматай әріптестерге оқу процесінің ерекшеліктерін көрсетті. Жетістіктердің аз еместігін атап өтіп, оқушылардың көпсалалы ғылымның тереңіне бойлап, үлкен ізденіспен білім алып жатқанын жеткізді.

– Қазіргі таңда мектепте 7-12 сыныптар аралығында 680 оқушы үш тілде тереңдетілген

білім алуда. Барлығы ғылыми жұмыстармен айналысады, бірнеше рет аймақтық, республикалық олимпиадаларға қатысып, техникалық көрмелерден жүлдемен оралған. Мектепте қазақстандық, сондай-ақ Канада, Филиппин, Уганда, Кения және өзге елдерден келген 7 шетелдік маман жұмыс істейді. Біздің басты қағида – қабілетті жастардың

әлемдік деңгейде шыңдалуына қолдау көрсету. Бұл орайда Ұлыбританияның ұлттық орталығы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің NIS-Programme білім бағдарламасының General Certificate of Education A-Level деңгейіне сәйкестігін растауы үлкен мүмкіндіктерге жол ашқанын айту керек. Ол түлектердің қазақстандық 10 беделді жоғары оқу орнына 2 курстан, ал Германиядағы университеттерге университеталды дайындық курсына қатыспай-ақ оқуға қабылдануына көмек береді. Биыл 132 түлек түгел жоғары оқу орындарына түсті. Әлемдегі 8 мемлекеттің білім гранттарын иеленді, – деді Б.Жұматай.

Байқағанымыздай, мұнда әрбір сабақ зертханалық жұмыспен жалғасын табады. Оқушылардың теория жүзінде

алған білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік мол. Білім алушылар нанотехнология кабинетінде өрт сөндіру, криминалистика, медицина салаларына қатысты жасаған тәжірибелерін қызықтай алады. Ал, биотехнология кабинетінде ДНК тізбегін анықтап, жасанды жолмен ұлпа өсіру жолдарын зерттеуге, түрлі микробиологиялық синтездерді, генетикалық және клеткалық инженерияны қолдануға қатысты зерттеу жұмыстарымен айналысуына болады. Сонымен қатар білім ошағы IT, робототехника саласын дамытуды жолға қойған. «Мұның барлығы бізге әмбебап өнердің тереңіне бойлап, болашақта инновациялық технологияларды одан әрі игеруге септеседі», – дейді 12 сынып оқушысы Владимир Корж. Естеріңізде бол-

са, жас инноватор бұған дейін қаладағы автотұрақ мәселесін шешуге қатысты тың жоба ұсынып, көптің ықыласына бөленген еді. Осыған қарап, көпшілік «НЗМ оқушылары оқудан бас көтермейді» деген ойда қалуы мүмкін. Мүлде олай емес. Ізденімпаз өрендер шығармашылықтан да кенде емес екен. Әдебиет пен өнерге жакын. Қолдарынан шыққан әсем бұйымдардан көз сүрінеді. Оларды ерекшелендіріп тұрған да осы белсенділіктері. Серіктестік өкілдері оқушылардың бойындағы білімге деген сүйіспеншілік пен еңбекке, табандылыққа тәнті болды. Әрдайым тілекші екендіктерін жеткізіп, биік белесті бағындыратынына сенім білдірді.

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.

ӨНЕР ҰЖЫМЫНЫҢ ГАСТРОЛЬДІК САПАРЫ

Облыстар арасындағы шығармашылық тәжірибе алмасу, Қазақстан мәдениетінің музыкалық мұрасы мен дәстүрлерін сақтаудың, әлемдік және отандық музыка жауһарларын дәріптеудің негізінде облысаралық меморандум жасалған болатын. Осы шара аясында облыстық филармония ұжымы «Қызылорда – сұлу Сырдың қаласы» атты концертін Шымкент және Тараз қалаларында болып қайтты.

Сара АДАЙБАЕВА



Сапар барысында Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Күренбел ауылы да қамтылды. Концерттік бағдарламада «Томирис» би ансамблі, «Мәдениет қайраткері» төселбісінің иегері Ү.Медетуова, «Мәдениет саласының үздігі» төселбісінің иегері А.Ногайбаева, жырау М.Сүгірбай, эстрадалық орындаушылар Б.Молдабергенов, А.Қыдырбек, классикалық орындаушылар М.Мақұлбеков, Ж.Жүсіпов сынды Сыр елінің мақтаныштары көрермендердің жоғары бағасын алып, қошеметіне бөленді.

Сонымен қатар Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай «Қызылорда – Сырдың сұлу қаласы» атты концерттік бағдарлама өңірімізде жалғасты. Шиелі ауданының Бәйгекұм, Балаби, Нартай, Еңбекші, Сұлутөбе ауылдарында «Жібек жолы» ән-би ансамблі гастрольдік сапарда болып, тұрғындарды киелі өнермен сусындатып қайтты.

Қаланың екіғасырлық тойы аясындағы бұл шара Сырдария ауданында жалғасын тапты. Ауданның бірқатар елді мекендерінде «Керуен» ән-би

ансамблінің концертті ұйымдастырды. Гастрольдік сапар барысында А.Тоқмағамбетов, Шіркейлi, Іңкәрдария, Акжарма, Бесарық, Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді ауылдары қамтылып, филармония өнер иелері сырдариялықтарға рухани демалыс сыйлады.

Сондай-ақ, сұраныс бойынша филармония концерт залында облыстық жобалық кенсе аясындағы «Я-ля-фа» балалар мюзикл студиясы өз көрермендеріне Т.Бекарыстановтың «Таусылмасын ертегім» атты қойылымын ұсынды.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЗАСЫ

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыстық департаменті және мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен облыстық Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында публицист, жазушы-драматург Жабал Ергалиевтің «Құлпытастың көз жасы» психологиялық драмасы қойылды.

Ержан ҚОЖАСОВ



Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және мүлдем төзбеушілікті

қалып тастыру мақсатында қойылған спектакльде адам қарасы көп. Негізгі көрер-

мендері мемлекеттік қызметшілер, арнайы мониторингтік топ мүшелері, «Саналы ұрпақ», «Адал ұрпақ» сынды клуб мүшелері және қала тұрғындары болды.

Қойылым шым-шытырық оқиғаларға толы. Кешегі кеңестік кезеңнің ашық ақиқаты айтылып, бүгінгі қоғамдағы базбір қорғаныссыз жастардың мұңлы трагедиясы драманың негізгі арқауына айналған. Драматург өткен мен бүгіннің ашық ақиқатын ашу барысында билік пен байлықтың е болғандардың тоңмойын қылықтарына әлсіз, бейкүнә жандардың жанкешті күресін қарсы қояды.

Оқиғаның соңы әдеттегідей махаббат пен ізгіліктің салтанат құруымен аяқталса да, көрерменді еріксіз әртүрлі көңіл күйге жетелейді. Жемқорлықтың айқын жазасы қандай болатыны қойылымнан анық көрінеді. Ой саларлық, көрерменге рухани азық сыйлайтын туындының маңызы жоғары екенін байқадық.

АҚ НЕКЕ – БАҚЫТ БАСТАУЫ

Соңғы жылдары адамзаттың асылы Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туған уақытына байланысты аталатын мәуліт мерекесі жамағатты бірлік пен берекеге шақыру сипатында өтіп келеді. Мешіттерде, басқа да орындардағы іс-шараларда діниін тағылымы, отбасы құндылығы жайлы үгіт-насихат жүргізіледі. Рәсінде бұл – жас ұрпақты имандылыққа, жақсы мінез-құлыққа шақырудың орайлы сәті.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА

Қазалы ауданына барған сапарымызда осындай игі шараның куәсі болдық. Аудандық «Жанқожа батыр» мешітінде қарасты Ү.Түктібаев ауылындағы Қожа Орынбет ишан мешітінің имамы Ғабдулла Ізаттың ұйымдастыруымен «Ақ неке – бақыт бастауы» тақырыбындағы сайыс өтті. Сайысқа аудан орталығынан, көрші ауылдардан 6 отбасы қатысты. Отбасылық сайыс болған соң, балалар да өз өнерлерін көрсетуден қалыс қалмады. Тартысты өткен сайыс көрерменге ұсынған тағылымымен, жастарға сіңірген тәрбиесімен есте қаларлықтай болды.

Біз әңгімеге тартқан сайысқа қатысушы отбасы Б.Салжық мен Л.Романқұлова 5 ұл-қыздың ата-анасы. Отасқандарына 13 жылдан асыпты. Отағасы

Ү.Түктібаев ауылы, Қазалы ауданы.

ФИЛОСОФИЯ КҮНІ

2002 жылдан бастап ЮНЕСКО қараша айының үшінші бейсенбісін бүкіләлемдік философия күні деп жариялады. Бұл күнді әлемнің 80-нен астам елдері атап өтеді екен.



Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарыпмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28687
Тапсырыс №1886

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Құттықтаймыз

ҚАЗАҚСТАН ТҰНҒЫШ РЕТ ПАРАДЗЮДОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА АЛТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-курс студенті Олжас Оразалыұлы Португалияның Одивелаш қаласында өткен Әлем чемпионатында парадзюдодан Әлем чемпионы атанды. Университет ұжымы Қазақстанның тұнғыш рет парадзюдодан Әлем чемпионатында «Алтын медальға» ие болған студентін мәртебелі жеңісімен құттықтай отырып, Олимпиада шындырары бағындыра беруіне тілектестік білдіреді.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ ұжымы.

ЖЕҢІСІН ҚАЛАНЫҢ 200 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАДЫ

Ақтау қаласында бокстан ерлер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев алтын жүлдені жеңіп алды. Ол ел чемпионатындағы жеңісін «Қызылорда қаласының 200 жылдығына» арнаған.

91 келіден жоғары салмақта өнер көрсеткен Сыр боксшысы үш кездесуде де қарсыластарын айқын басымдықпен ұтты. Енді ол 2020 жылы Токиода өтетін Олимпиада ойындарына жолдама алу үшін келесі жылы Азия және Әлем чемпионаттарына дайындалады.

Сондай-ақ, дүбірлі долада жерлестеріміз 60 келі салмақта Бағдат Уайдаев пен 75 келіде Тұрсынбай Құлахмет қола жүлдеге қол жеткізді.



«Халықтық заңгер» жалпыреспубликалық акция

Құрметті тұрғындар мен кәсіпкерлер!

Қазақстан Республикасының иеліктері қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Қызылорда облысы бойынша департаментінің) ұйымдастыруымен ағамыздың жылдың 30 қарашасында сағат 17.00-де А. Тоқмағамбетов мәдениет үйінде «Халықтық заңгер» жалпыреспубликалық акциясы өтеді.

Акцияның мақсаты кез келген құқықты, нәсілге бойынша халыққа білікті тегін заң көмегі көрсету болып табылады.

Акция барысында халыққа прокуратура мен сот органдарының қызметкерлері, кәсіби адвокаттар мен нотариустар, сот актілерін орындау бөлімшесі, жер саласы мен өзге де салаларда бақылау қадағалау функциялары бар мемлекеттік органдардың заңгерлері тегін құқықтық көмектер мен заң кеңестері беретін болады.

«Халықтық заңгер» жалпыреспубликалық акциясына келіңіздер! Түрлі салаларда тегін заң кеңестерін алыңыздар! Жоғары білікті заң көмегі алу нұсқаларын жетіріп алыңыздар!

Анықтама үшін 70-25-20, 70-50-55, 8778 478 70 97